

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

БАЯРЫСТАНОВА Э.Т.

**БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ОЙЫН АРҚЫЛЫ
АДАМГЕРШІЛІК
ТӘРБИЕ БЕРУ**

Ақтау, 2010

УДК 371 (072)

ББК 74.200.6

Б 31

Пікір жазғандар:

Педагогика ғылымдарының докторы, профессор Аренова А.Х.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Нұрмұхаметова Р.Ә.

Б 31 Баярыстанова Э.Т.

Бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру: Оқу-әдістемелік құрал. – Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2010. – 55 бет.

ISBN 978-601-7276-23-2

Оқу-әдістемелік құралда бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру мәселесінің теориялық негіздері, мазмұны мен мүмкіндіктері қарастырылып, бағдарламасы берілген.

Оқу-әдістемелік құрал бастауыш мектеп мұғалімдеріне, негіздері орта арнаулы және жоғары оқу орындарының педагогтары мен студенттеріне арналған.

УДК 371 (072)

ББК 74.200.6

Баспаға Абай атындағы Қазақ ҰПУ-нің «Білім» тобындағы мамандықтар бойынша оқу-әдістемелік секциясы және ҚР БЖҒМ Республикалық оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған.

Хаттама №12, 08.12.2010 ж.

ISBN 978-601-7276-23-2

© Баярыстанова Э.Т.

КІРІСПЕ

Егеменді Қазақстан өз тарихында күрделі бетбұрыс кезеңін бастан кешіріп отыр. Республика тәуелсіздік алып дүниежүзілік қоғамдастық танып егеменді мемлекетке айналды. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу жеке тұлғалардың жан-жақты дамуымен және олардың кәсіптік жағынана қалыптасуымен тікелей байланысты. Нарық экономикасына көшу, құқықтық мемлекет құру және азаматтық қорғау талаптарын қамтамасыз ету, білім беру жүйесінде үлкен өзгерістер енгізуді қажет етіп отыр. Мұндай маңызды да күрделі мәселелерді шешу үшін, адамзат мәдениеті мен тәрбие тағылымдарының үлгілі тәжірибесіне сүйенудің қажеттілігі анықталуда.

Орта ғасырларда адамзат ілімінің молаюын, ақыл-парасатының жетілуін, оқу-ағартудың қажеттілігін айтып, білім алудың маңызын анықтауда, орасан зор еңбек сіңірген ғұламалардың бірі – «Аль-Фараби болды. Фарабидің оқу-тәрбие, білімнің негізін салғанын «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» атты еңбегінде айқындала түскенін, ағылшын утописі Томас Мордың өз тәжірибесінде пайдаланғанынан көреміз (1).

Тәрбие тарихынан белгілі болғандай, Ибн Сина адамның жан-жақты дамуын және жетілуін тәрбие, оқу, еңбектің жемісі деп қарастырады. Жүсіп Баласағұн XI ғасырда Фараби ілімін жалғастыра отырып, өзінің «Құтты білік» дастанында отбасы тәрбиесінің негізін салды. Ғұламалар Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарихи Рашидиде», Қадырғали Қосымұлы Жалаири «Жылнамалар» атты еңбегінде, Орта Азия ғұламалары Әлішер Науаи, Омар Хаям, Мақтымұлы бір ғана еңбек тәрбиесінің маңызы мен мәні, оның ақыл-ой, адамгершілік тәрбиесімен байланысын өз еңбектерінде атап көрсетті.

Тәрбие теориясының дамуы мен адамгершілік тәрбиесі туралы ой-пікірлерін чех педагогы Я.А.Коменский өз еңбектерінде қарастыра отырып, ата-аналарға және мұғалімдерге құнды пікірлер айтты.

Коменский ілімін жалғастырушылар педагогика ғылымының дамуында құнды еңбектерімен көрінген ғылыми-педагогика өкілдері келіп шықты. Олар Англияда Джон Локк, Францияда Жан-Жак Руссо, Швейцарияда И.Г.Песталоцкий, Германияда Иоганн Герbart және Адольф Дистервег болды (2).

Джон Локк «Тәрбие жөніндегі ойлар» атты еңбегінде тәрбиенің психологиялық негіздеріне мән беріп, адамгершілік және еңбек тәрбиесін қуаттады. Жан-Жак Руссо баланың жан-жақты жетілуіндегі еңбектің маңызын ерекше атады.

Педагогика тарихында XII-XX ғасыр аралығында оқу-тәрбие мәселелерінің өрбуі мен шешілуі ұлы өзгерістер әкелді. Педагогикалық теорияны дамытушы педагогтар қатары әр елде көбейе түсті. Әсіресе, Ресей озық педагогикалық ойдың отанына айналды. Олар: К.Д.Ушинский, Н.И.Пирогов, В.И.Водовозов, Л.Н.Толстой, 60-шы жылдары орыстың демократ педагогтары Н.Г.Чернышевский, В.Г.Белинский, А.И.Герцен, Н.А.Добролюбов сынды педагогтар педагогиканың демократиялық бағытта

дамуына және халық ағарту проблемаларының түпкілікті қайта құрылуы және шешілуі халық революциясына тәуелді екенін дәлелдеді.

Н.Г.Чернышевскийдің көрсетуінше, адамның рухани бейнесін сипаттайтын адамгершілігінің, басқа да қасиеттерінің өзгешелігі оның тұқымынан емес, адамның еңбегі мен өмір жағдайлары және тәрбиенің әсерінен болады. Оның «Ғылыми ұғымдар очерктері» еңбегінде әр мамандықтағы адамдардың, мысалы: жер өңдеушілердің, ақсүйектердің, қолөнершілердің түсінігіндегі, мінез-құлқындағы және әдетіндегі өзгешеліктер емес, олардың қоғамда алатын орнына, еңбегі мен тұрмыс жағдайларына және тәрбиесіне байланысты деп есептеген.

Халқымыздың ардақты ұлдары, өз елін прогресс жолмен алға қарай бастаған Шоқан, Абай, Ыбырайлар да сол дәуірдің – қазақ даласына одақтас елдердің озық мәдениеті мен ізгі әсерін жая бастаған дәуірдің жаршысы болды. ХІХ ғасырдағы Қазақстандағы қоғамдық ой-пікірлердің даму тарихы, негізінен алғанда осы есімдермен байланысты.

Абай творчествосының келелі мәселелері – білімге, еңбекке, әділеттілікке шақыруға арналған. Табандылықпен, қажырлылықпен еңбек ететін қарапайым адамның адамгершілік қасиеттерін қастерлей отырып, жігерлілік, еңбексүйгіштік, ой тереңдігі сияқты қасиеттерді даралап көрсете отырып, Абай өңбес іске, ойын-күлкіге мәз болып уақытты бос өткізушілікті жел сөзбен, өсек-аянмен т.б. әуре болып жүрген адамдарды сынады.

1910-1930 жылдар арасында қазақ зиялылары А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов елеулі педагогикалық еңбектерімен көзге түсті.

А.Байтұрсынов қазақ тіл білімінің негізінде, қазақ тілі оқулығын жазды. «Айқап», «Дала уәләйті» газеттеріне сол кезеңдердегі оқу-тәрбие ісінің келелі мақсаттары мен міндеттері туралы мақалалар жариялады. Ол еңбек тәрбиесін жырлаған, еңбек тағылымының туын көтерген дана адам. А.Байтұрсынов:

«... Жаны ашып, жаһан үшін қайғырма,

Жаны мол, жақыны мол, малдың құлы...», -деп, еңбексіз, арзан істерді, надандықты, мешеулікті, жалқаулықты, білімсіздікті өткір сынға алған (3). М.Жұмабаев 1922 жылы «Педагогика» атты қазақ тіліндегі тұңғыш оқулығымен, баланы бесіктен бастап тәрбиелеу жөнінде келелі ұсыныстар енгізіп, әдістемелік құралдар жазудың үлгісін көрсетті. Ж.Аймауытов «Жантану», «Педагогика» оқулықтары арқылы психология мен педагогикалық пәнаралық байланыстың негізін салды. Сондай-ақ, ол баланың психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасай отырып: «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болмайтын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге, ол өнеге әке-шешенің тәрбиесі болуы керек. Ата-ананың берген тәрбиесі – баланың мінезіне салған ірге. Жасынан сіңген мінезді есейгенде жоғалту, басқа бір күшпен болмаса, болмайды. «Сүтпен біткен мінез сүйекпен кетеді» деген сөз ата-ананың тәрбиесінің күштілігін көрсетеді. Бірақ бұл мақал тәрбие мен мінезді түзетуге болмайды деген емес. Балаға қайырымдылықты, қатыгездікті, шыншылдықты, өтірікшілікті, еңбекқорлықты, жалқаулықты беретін кім? Ол әрине, ата-ананың тәрбиесі», -деп, ата-ананың бала тәрбиесіндегі роліне зор мән береді (4).

1930 жылдардың басында Қазақстан мектептері жаңа жүйелі оқуға – бастауыш, орта және орталау мектептерде білім алуға көшті. Республикада жоғарғы педагогикалық оқу орындары құрылды. Осы кезеңде С.Аспандияров, Х.Досмұхамедов, С.Әлжанов, Б.Қожахметов, Т.Тәжібаев сынды көрнекті педагогтар оқу-ағарту ісін ұйымдастыруда елеулі еңбек етті. Мұндай ұйымдастыру арқылы мектептерде оқудың сапасын, тәрбиенің тиімділігін арттыру шаралары жолға қойылды.

XX ғасырдың басындағы қазақтың демократияшыл интеллигенциясының және қазақ педагогикасының көрнекті өкілі Спандияр Көбеев және атақты ағартушы, ақын Сұлтанмахмұт Торайғыров болды. Демократ-педагог С.Көбеев қазақ жастарын ең алдымен білімге, өнерге, еңбекке шақырады. Бұл жөнінен ол: «Хрестоматияны құрастырғанда, негізгі ойлаған мақсатым, көздеген нысанам – жас ұрпақты» білімге, өнерге, еңбекке, әділеттілікке, адамгершілікке тәрбиелеу еді», - дейді. Хрестоматиядағы еңбекті насихаттайтын «Шал мен балалар», «Ақымақ теке», «Өсиет» атты әңгімелер жастарды еңбек ете білуге, арамдық пен алдамшылықтан аулақ болуға үйретеді. С. Торайғыров – Абайдан кейін жаңа тарихи кезеңде қазақ педагогикасында адамгершілік және еңбек проблемасының өзекті мәселелерін қозғаған демократ ағартушы. Оның шығармаларында адамдағы білімділік, әділеттілік, еңбексүйгіштік, мейірімділік, игі достық пен адал махаббат кең орын алып, қастерленеді (5).

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет болуы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуы, білім беру заңының қабылдануы ұрпақ тәрбиесіне жаңаша қарауды, оны жақсартудың тиімді жолдарын айқындауды талап етеді. Осы міндеттерді жүзеге асырудың алғышарты ретінде тәрбиелеу мен білім берудің тұжырымдамалары жасалынып, соның негізінде оқыту, тәрбиелеу мазмұнын жақсарту көзделуде. Бұрын қолданып келген бағдарламалар, оқу жоспарлары, оқулықтар, оқу әдістемелік құралдары қайта қаралып, оларға толықтырулар енгізілуде.

Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептер білім мазмұнының тұжырымдамасының бір міндеті:

- қоғамдық құбылыстар мен табиғи ортаны танып-білудің ғылыми әдіснамалық негізінде дүниеге диалектикалық-материалистік көзқарасы қалыптасқан, өз мүддесі мен қоғамдық мүдделерді ұштастыра білетін, зиялы, адамгершілігі мол, денсаулығы мықты жеткіншекті тәрбиелеу деп көрсетілген (1999 жыл) (6).

Тәрбие тұжырымдамасында «Қоғамымыздың іргесін нығайту мақсатында ең алдымен адамгершілік, ізденіс, имандылық тәрбиесін көркейту қажет. Оның негізгі мақсаты – баланы жастайынан әлеуметтік ортада мәдениетті қарым-қатынас жасай білуге үйрету, үлкенді силау, кішіге ізет көрсетуге, елжандылыққа баулу» (7).

Аталған құжаттарда басты назарда болған мәселенің бірі – адамгершілік тәрбиесі. Онда ұрпақты имандылыққа, қайырымдылыққа тәрбиелеу мәселесі туралы пікір шешуші орын алады.

Қазақстан Республикасының Заңында бала тәрбиелеуші ата-аналар баланың адамгершілікке және рухани жағынан дамуына қажетті жағдайларын қамтамасыз ету үшін жауапкершілікте болады деп көрсетілген (8).

Осындай аса жауапты міндеттердің баянды болуы жас республиканың елін, жерін сүйетін адамгершілігі мол, білімді, парасатты, салт-дәстүрін бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде ұстанатын басты тәрбие құралымыз – ұрпақ тәрбиесінің деңгейіне айналған ғалымдарымыздың таңдаулы туындылары.

Сол себептен де халық даналығына, оның ұрпақ тәрбиесінде атқарар қызметіне зер салып, ықылас аудармаған ақын-жазушы, ұстаз-ғалым жоқ. Әсіресе, Әл-Фараби, Абай, Шәкәрім, Жүсіпбек, Мағжан сияқты ғұламалардың ұланғайыр еңбектерінің негізгі арқауы – халқы, болашақ ұрпақ тағдыры, оның тәрбиесі, парасатты азамат болып өсуі.

Сондықтан да олардың шығармаларында бұл мәселелер жайында кең толғаныс, мол өсиет жатқаны аян. Мәселен, Әл-Фараби әлеуметтік-этикалық трактаттарында психологиялық мәселелер сөз болады, ақыл мен жақсы мінез қосылғанда адамшылық болады, жаман мінез-құлық рухани кесел дейді.

Қазақ халқының ойындарының тәрбиелік мәнін көрсеткен педагог-ағартушылар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев. Оқу-тәрбие процесінде ойындарды пайдаланудың тәрбиелік мәнін анықтаған ғалымдар Н.Құлжанова, М.Жұмабаев, М.Дулатов, М.Әуезов, С.Мұқанов және т.б. Ойынның бала өміріндегі маңыздылығын айтып, айқындаған ресей ғалымдарын атауға болады. Олар: П.Ф.Лесгафт, Н.Ф.Михайленко, Т.А.Маркова, А.П.Усова, Уднадзе және т.б. Сонымен қатар қазақстандық ғалымдар да өз еңбектерінде ойынды баланың негізгі іс-әрекеті ретінде қарастырады. Олар: Р.К.Төлеубекова, А.А.Калюжный, Н.Н.Хан, С.Т.Тәжібаева және т.б. (9)

Сонымен, ғылыми-педагогикалық еңбектердегі педагог, психолог ғалымдардың дәлелдеулері бойынша адамгершілікке тәрбиелеудің негізі, адамгершілікті саналы сезіну қажеттігі туралы айтылған.

Ұлттық сезім санасы – ойлау болған жерде жан-жақты дамыған саналы адамгершілік қасиеті жоғары адам тәрбиеленуі тиіс деп есептейміз. Сондықтан мектепте бастауыш сынып оқушыларына ойын процесі арқылы адамгершілік қасиеттер мен сапаларды қалыптастыру мәселесі туындап отыр.

Бұл міндетті шешудің нәтижелі болуы бастауыш мектептің педагогикалық қызметі мен сынып жетекшілерінің педагогтік шеберліктеріне байланысты. Осыған орай, қазіргі мектептердегі бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу жүйесін қарастыру өзекті мәселе.

Бүгінгі таңда адамгершілік тәрбиесін жан-жақты зерттеген республика көлемінде танымал ғалымдарымызды (Р.К.Төлеубекова, А.А.Калюжный, Н.Н.Хан, С.Т.Тәжібаева және т.б.) жоғарыда атап өттік. Мәселен, А.А.Калюжныйдың докторлық диссертациясында былай делінген: «нрав» сөзінің баламасы «ұнау» деген, яғни, адам мінезінің сипатталуы, ал «нравна» деп адамның ішкі жан дүниесінің ерік, құмарту сияқты саналық қасиеттер мен ақыл-ойдан ерекшеленеді» деп түсіндіріледі (10).

Ал, С.Г.Тәжібаева өзінің кандидаттық диссертациясында былай деп көрсеткен: әдет және мінез-құлық адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру жүйесінде күрделі орынға ие болады. Әдет – мінез-құлықтың тұрақты формасы, кез-келген жағдайларда және ситуацияларда адамның қажетсінуі оқушылардың бойында адамгершілік нормаларын саналы қалыптастырып, оқушының ішкі сезімін, талаптарын ояту, қоғамға, адамдарға, өзіне адамгершілік әдеттерді, тұрақты мінез-құлықты қалпына келтіру, баланың нәтижеге жетуі оның әрекетінен көрінеді.

Ал, біз көтеріп отырған мәселеге байланысты қажетті, толығынан қарастырылған материалдар мен мағлұмат болмайынша, педагогика ғылымының даму деңгейін әлеуметтік сұраныспен қоғамды түбегейлі өзгертіп, ұрпақ тәрбиесіне сай етіп көтеру мүмкін емес.

Сондықтан да қоғам талабына сай келетін бүгінгі бастауыш мектеп жағдайында адамгершілік тәрбиесін беруде білімділік пен тәрбиелілік сапасын жақсартуды үздіксіз білім берудің алғашқы сатысы бастауыш мектептен бастау керектігін және ойын процесі арқылы бастауыш мектептегі адамгершілік тәрбиесі жүйесін өзгеше құру қажеттігі бұл мәселенің теория мен тәжірибе жүзінде шешілу деңгейі аралығында қарама-қайшылық туындайды.

Соңғы жылдары бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың адамгершілік тәрбиесіне үстірт көңіл бөлінгендіктен, тәрбиенің адамгершілік бағытын дамыту қиындап кетті. Бұл қазіргі уақытта көптеген мәселені қайта қарап, бастауыш мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеудің ерекше тиімді формалары мен әдістерін зерттеуді талап етеді. Осы салада зерттеу жұмысының қажеттілігі, бүгінгі күні адамгершілік мәселелердің туындап отырған кезеңінде өзектілігімен сипатталады.

Сонымен бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің ролі артуда. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие процесінде бүгінгі күннің талабына сай балаларға адамгершілік тәрбие беруді жетілдірудің қажеттілігі және осы процестің мазмұнын ғылыми тұрғыдан негіздеудің қамтылмауы, бұл мәселенің педагогика ғылымының зерттелмеуі арасында қарама-қайшылық танытады. Осы қайшылықтардың шешімін табуға ықпал ететін адамгершілік тәрбиесінің әдістерін, формаларын іздестіру, біздің зерттеу жұмысымыздың проблемасын айқындайды.

1 БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

1.1 Бастауыш мектеп оқушыларын ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеудің қазіргі жағдайы

Бүгінгі бастауыш сынып оқушылары болашақ иесі болғандықтан, дүниежүзілік мәдениетті танитын, өзінің төл мәдениетін білетін, сыйлайтын, рухани дүниесі бай, саналы ойлайтын деңгейі жоғары білікті болуы міндетті. Ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесін, мәдениетін жас өспірімдер бойында саналы сіңіріп, қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, мінез-құлқын өмірге деген көзқарасын, бағытын дұрыс қалыптастыру тәрбиеге байланысты. Қоғамымыздың іргетасын нығайту негізінде бүгінгі жас жеткіншектерге өнегелі тәрбие беру – қазіргі міндеттің бірі екені баршаға мәлім. Адамгершілік, имандылық сияқты ізгі қасиеттер отбасында, одан қалды балабақшада ойын процесінде, кейін мектеп қабырғасында жалғасын табатыны сөзсіз. Бұл әрекет барысында балалар бойында ата-анаға, отанға, үлкендерге деген кішіпейілдік, салауатты өмір сүруге үйрену сияқты қасиеттерді тәрбиелейді. Тәрбие саласындағы негізгі мақсат – бастауыш сынып оқушыларын рухани интеллектуалдық жағынан дамытып тәрбиелеу. Әсіресе, өз мәдениетін, салт-дәстүрін, өнерін оқушылар санасына бейім етіп тәрбиелеу оңай шаруа емес. Сондықтан бүгінгі тәлім-тәрбие, оқыту, білім беру тұрғысынан ғалым, психолог, педагог, философтардың өсиет еткен өнегелі сөздеріне, байырғы ойындарына, адамгершілік тәрбиесі ұғымына бірқатар анықтамалар берілген. Мәселен, Шығыс философтары мен ұлы ойшылдар өздерінің ой-пікірлерінде ойынның тәлім-тәрбиелік мәнін ашқан, ұлттық салт-дәстүрдің маңызын айтып кеткен болатын.

Адамгершілік – адам өмірінің рухани негіздерін құрайды, ойластырады, болжайды және адамзат құндылығын қалыптастырады. «Адам жолында екі түрлі, бір-біріне қарама-қарсы ағыстар бар. Бір ағыс қаталдыққа жетелесе, екіншісі – мейірімге талпынады», - деген Леккидің сөзінде үлкен мән бар. Рух – адам бойындағы күш, қуат. Ол қуат барлық жақсы қасиеттермен бірге жасайтын игі істердің қайнар көзі. Рухани бай адамның бойында ғана адамгершілік қасиеттер болады (11).

Педагогикалық теория негіздерінің қалыптасуында Ежелгі Грецияның ғалымдары мен философтары (Платон, Аристотель, Сократ) өз үлестерін қосты. Платон тәрбиенің қоғамдық болуын жақтады, мектепке дейінгі тәрбиеде ойынның ролін өте жоғары бағалады. Қыз балалардың дене тәрбиесіне ерекше мән берді. Жақсы үлгі арқылы тәрбиелеуді жақтады, мемлекет тарапынан тәрбие берудің белгілі жүйесін ұсынды. Ал, Аристотель тәрбиенің әртүрлі салаларының байланысты болуын қолдады. Ол моральдық тәрбиенің үш көзі – табиғи нышандарды, моральдық дағдыларды және сананы дамыту керектігін айтты. Моральдық тәрбие беруде отбасының ролін өте жоғары бағалады.

Тәрбие жөніндегі Аристотельдің ойлары кейінгі дәуірлерде педагогикалық ой-пікірлердің дамуына үлкен әсер етті. ХІҮ-ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген қазақ ақындары мен жыраулары: Асан Қайғы, Жиёмбет, Бұхар жырау, Махамбет т.б., ХІХ ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген Шоқан, Ыбырай,

Абай және одан кейінгі Мағжан, Міржақып, Шәкәрім, Ахмет, Жүсіпбек сияқты қазақ зиялыларының мұралары бүгінгі күнге дейін тәрбиелік маңызын жойған жоқ. Асан Қайғы толғауларындағы тәрбиелік мәні мол қанатты сөздері халықтық дәстүрлерді, жақсылық пен жамандықты ажырата білуді үйретумен қатар, олар туралы сыр шертеді, ізгі ниетті жан болуға шақырады (12). Қазақ ғұламаларының адамгершілік туралы ой-пікірлері Т.А.Маркова, Л.В.Артемова, А.П.Усова, Р.С.Буре т.б. сияқты ресейлік көрнекі ғалымдардың ғылыми әдістемелік зерттеу жұмыстарында жалғасын тапты.

Жаратылыстың барлығы екі қарама-қарсы нәрседен тұрады. Ақ-қара, күн-түн, ыстық-суық, жақсы-жаман. Ал адам бойындағы адамгершілік құндылықтар рухтан туындайды. Рухтың мекені-адамның жүрегі.

Адамгершілік тәлімі жүрекке жан шуағын орнатып, бұрыннан бойымызда бар жақсы қасиеттерді дамытады. Жаман әдет пен теріс қылықтан тазарып, жаны таза, көңілі ақ, рухани сезімдерге бай адам болып қалыптасу - өзекті мәселе. Мейірімділік жылудан тарайды. Жүрек жылуының басқа табиғат жылуы, күн көзінің жылуынан да әсері мол. Бұл жөнінде Абай өзінің 38 қара сөзінде: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі - залымдық», -деп, адам баласын надандықпен, зұлымдықпен күресуге шақырады.

Ал Шал ақын жігіттерге мынадай үш сипаттама береді: 1. Құр жан. 2. Тірі жан. 3. Жігіт жан.

Құр жан дейтін жігіт, ішіп жегенге тоқ, киім кигенге мәз, ар-намысы жоқ, тек кеуде жаны бар.

Тірі жан – бар тапқанын киім мен асқа сатар, жақын көрген досын жатқа сатар опасыз сатқын, ішін түземей, сыртын түзер сәнқой, сырты жылтыр, іші бықсық, қара басының қамын ойлайтын жандар.

Жігіт жан - сегіз қырлы, бір сырлы, адамдық қасиеттері, белгілі түр келбеті, жүріс-тұрысы ақыл парасатына сай келіп дараланып тұратын адам, - деп адам өміріне қажетті адамгершілік құндылықтар мен жағымсыз қасиеттерді ашып береді.

Адамгершілік қасиеті бай адам – ең алдымен әділ, шыншыл, мейірімді, кешірімді, қанағатшыл, ақылды болады. Адамгершілігі бар болу деген не? Ол қайырымдылықтан тұрады. Ал қайырымдылық қандай қасиет? Ол үшін «Мен қандай болуға тиіспін? Адам болу деген не?» деген сұрақтарға жауап беруіміз керек. Мысалы, терек әдемі өсуі үшін ылғал, күннің көзі, түрлі тыңайтқыш заттар мен қоректік заттарды топырақтан бойына сіңіру қажет, сонда белгілі өсу сатысына жетеді. Теректің «жақсы» өсіп дамуына құнарлы топырақ, ауа-райының қолайлы болуы т.б. жағдайлар әсер етеді. Ал өсімдіктің өсуіне кедергі келтіретін «жаман» жағдайларға: құрғақшылық, өсімдікті бүлдіретін жәндіктер мен құрттар, ағаштың бұтақтарын сындыратын дауылдар жатады.

Дәл осы тәрізді адам үшін де жақсы мен жамандық алмасып келіп отырады. Жақсы жағдайда адам бойындағы адамшылық қасиеттер өніп, адамның Адам болып қалыптасуына көмектеседі. Жақсылыққа қайшы жамандық бар. Адам бойындағы жақсылық пен жамандық тек сыртқы

жағдайлардың әсерінен ғана болып қоймайды, олар адамның ішкі жан дүниесінен де орын алады.

Осындай жауапты міндеттердің баянды болуы жас республиканың ертеңгі қажетін өтерлік, елін, жерін сүйетін, отаншыл, адамгершілігі мол, білімді, парасатты, ана тілін, ата-баба әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін бойына сіңірген, оны қастерлей білетін азамат өсіруде маңызы зор мәселе. Басты тәрбие баланы адамгершілік рухани тазалыққа тәрбиелеу отбасы мен балабақшадағы өнегелі істің үзіліссіз жүйелі жүргізілетін тәрбие тәсілдерінен бастау алып, дарып отыратын ұзақ процестің қозғаушы күші ойын әрекетінде екенін көп ғалымдар дәлелдеген болатын.

Адамгершілік тәрбиесі туралы шетелдік педагогикалық теориялар да баршылық. Мәселен, Я.А.Коменский «Егер егістікті отамайтын болса, егіске қауіп төндіретін арамшөп өседі. Егер ағаш бұтақтары кесіліп отырылмаса, жабайыланады», - деген пікірінен мұғалімдер де, балалар да мейірімді, қайырымды және бірін-бірі қадірлеумен қатар, тәртіптің үлгісін мұғалімнің өзі көрсетіп отырсын деген ойды аңғаруға болады.

Сондай-ақ, Я.А.Коменский «тәрбиені мойындамау-адамдардың, жанұяның, мемлекеттің және бүкіл әлемнің құруы», - деген болатын. Ендеше тәрбие ауадай қажет. Оқушыларға адамгершілік тәрбие беру алдымызға мынадай міндеттер қойып отыр:

- оқушыны оқыған шығармалардың басты кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің жағымды жақтарына көңіл аударып, талдауға, түйін жасауға үйрету;
- оқылған мәтіндерден кейіпкерлерге берілген авторлық көңіл-күйді табу;
- оқушының адамгершілік сана-сезімінің, ақыл-ой қызметінің дамуына, қалыптасуына ықпал жасай отырып, адамгершілік қасиеттерінің, сапаларының, құндылықтарының тәрбиеленуіне қозғау салу;
- оқушыларды сөйлету арқылы кейіпкерлердің іс-әрекетін салыстыру, қорытындылау, бағалауға үйрету;
- оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік Менін оятуға бағдар беру.

Жан-Жак Руссоның педагогикалық тұжырымдамасының негізінде феодалдық әдет-ғұрыптардан арылған бостандығы, толық адамгершілігі бар адамды өсіру талабы жатыр. Ол осыған байланысты адамгершілік тәрбиесінің үш міндетін: дұрыс мінез, дұрыс ұғым, дұрыс ерік тәрбиелеуді ұсынады.

Иоганн Генрих Песталоцций адамды дамытудың және оны тәрбиелеудің басты құралы – еңбек деп санады. Еңбек адамның күшін ғана дамытып қоймайды, оның ойын дамытып, мінез-құлқын қалыптастырады. Еңбек еткен адам, еңбектің қоғам өміріндегі зор мәнін түсінеді. Оның көзқарасындағы құнды жақтар гуманизм, демократиялық талаптар.

Тәрбиенің міндеті – адамның барлық табиғи күштерін дамыту мен қолданудың жан-жақтылығы деп санады. Мұғалім баланың табиғи дамуына дұрыс бағыт беруі тиіс, дұрыс бағытталған тәрбие ғана баланың жан-жақты дамуына негіз болады деп көрсетті.

Иоганн Герберттің пікірінше, адамгершілік тәрбиесінің мақсаты – мінез-құлықты қалыптастыру. Бұл тәрбие негізінен оқу арқылы жүргізіледі. Ол адамгершілік тәрбиесін түгелдей интеллектуализм тұрғысынан есептеді.

Осыған байланысты адамгершілік тәрбиесі де оқу сияқты баланың әр салалы қызығушылықтары мен адамгершілікті елестетулеріне негізделеді деп есептеді. Ол адамгершілік қағидаларын баланы бағындыра басқаруға қарсы қойды. Бағындыра басқаруда баланың еркі мен саналылығы кемітіледі, тежеуге салынады. Ол адамгершілік тәрбиесінде бүкіл әдістер болатын барлық жағымды, жақсы сапаларға арқа сүйеуге негізделеді. Мұғалім тіптен тәртіпсіз баланың өзінен жақсы сапаларды ойын арқылы іздестіруі тиісті,- деп ойынның адамгершілік сапалардың қалыптасуындағы маңызын ашып береді (13).

Жалпы адамға және халыққа деген сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ұштасып жату қажет. Балалардың жас ерекшелігімен қатар, олардың дара ерекшеліктерін, зейін, ес, ойлау процесін білудің қажет.

Немістің атақты психологы В.Штейнер баланың адамгершілік тұрғыдағы болашағы табиғи деп түсіндірген. Тәрбие бағыт береді, бірақ баланың ішкі сарайында сондай игі қасиеттердің ұрығы ойын арқылы себілмесе, қоршаған орта мен ілім адамгершілік қасиеттерді еш дамыта алмайды деп есептеген. Ол адамгершілік сезімінің екі түрін: біріншісі – басқаларға деген сезім (сүйіспеншілік пен нәзіктілік, жеккөрушілік пен өшпенділік), ал екіншісі – бөтендермен бірге сезіну (біреудің қайғысына ортақтасу, біреумен бірге қуана білу, мейірімсіздік, каталдық, рақымсыздық, табынушылық) деп айқындап, осы сезімдердің бәрі де тұқым қуалаушылық жолымен болатынын түсіндірді. 2-3 жаста бала өте сезімтал келеді. Біреудің басына түскен қайғыны бірге қайғырады, ауырса, бірге ауырады, қорықса, бірге қорқады. Жылаған баланы жұбатқысы, көмектескісі келеді, тіпті кейде ашу-ызасы келсе кек алғысы да келеді.

Дәл, осы шақта, балалардың адамгершілік туралы алғашқы ұғымдары осы кезеңде қалыптасады. Ал, бастауыш сынып оқушыларына әңгімелеп беруге арналған материалдарды қолдану, мысалы, әділдік, адамдармен қарым-қатынас жасау этикасы, мүсәпір жанға көмек беру батырлар туралы әңгіме жырлар, қазіргі жағдайдағы адамгершілік нормалар, дәстүрлер туралы оқып бергенді айтып беру, оқушыларды интеллектілік тұрғыдан дамытуға немесе адамгершілікке тәрбиелеуде жеткіліксіз болар еді.

Ойын түрлерін оқу-тәрбие үрдісінде қолдану тарихы әріден басталады. Ойын сөзі мағынасының түп-төркіні қуанышқа, әзілге сәйкес келеді. Мысалы, ежелгі рим халықтарында ойын сөзінің мағынасы қуаныш, мереке сөздерінің мағынасымен ұштасып жатса, еврей тілінде әзіл мен күлкіні білдіреді, ал қазақ тілінде жас балалардың іс-әрекетін, ересектер арасындағы әзілді, қалжыңды меңзейді. Бұл қазақ халқының мақал-мәтелдерінде анық байқалады. Мысалы, «Асық ойнаған –азар, доп ойнаған тозар, кітап оқыған –озар» нақыл сөзінде ойын сөзі балалардың іс-әрекетін білдірсе, «Әзілің жарасса, атаңмен ойна» мақалында ойын сөзі әзіл –қалжыңға сәйкес келеді.

Ойындардың шығу тарихында үнілсек, алдымен көз алдымызға шахмат және карта ойындары келеді. Көне Үнді елінде дүниеге келген, кейінірек бүкіл әлемді жаулап алған шахмат ойыны о баста соғыс жүргізу тактикасымен стратегиясымен үйрету құралы болған.

Шахмат ойынында патша (король) патшаның таңдаулы әскері (ферзь), атты әскер (ат), піл әскері (офицер), кеме әскері (ладья) және жаяу әскерлер бір-біріне соғыс жүргізеді. Бертінге дейінгі шахмат ойыны соғыс өнерін үйрететін бірден бір құрал ретінде саналып келді. Тек XVII ғасырдан кейін ғана бұл ойын бүкіл халықтық сипат алып, өзінің бұрынғы кейпін жоғалтып адамзаттың қисынды ойлауын дамытатын сүйікті ойын түріне айналды. Карта ойындарының қай ғасырда пайда болғанын ешқандай кесіп айта алмайды. Бұл ойын адамдардың тарихымен құрдас болып есептеледі.

Ойын әрекетінің философиялық негіздерін ғылыми тұрғыдан қарастырған К.Гросс, Г.Спенсер, И.Хейзинга, И.Кант, Г.Гегель, М.Каган, К.Исупов т.б. ғалымдар ойын іс әрекетінің әлеуметтік жақтарын айқындап, оның бала қиялымен ойлау қабілетіне оң әсер ететінін анықтаған. Ойын жөнінде айтылған философиялық көзқарастар әлем мәдениетімен тығыз байланыста дамыған. Сонау ерте замандағы эллиндік және римдік халықтар өмір сүрген дәуірдің өзінде-ақ ойынды балаларды тәрбиелеу құралына жатқызып, жауынгер ұландарды дайындау үрдісіне қосқан. Ойындар арқылы жас ұрпаққа соғыс өнерін үйреткен, мәдениет пен сөз өнерін дарытқан. Ойындардың жастарды тәрбиелеу мүмкіншіліктеріне аса зор мән берген. Мәселен, сол дәуірде өмір сүрген грек ойшылдары Гераклит пен Платон ойының философиялық жақтарын ашқан және олардың көзқарастары бірін-бірі толықтырған. Гераклит ойынды шексіз әлемге теңесе, Платон өзінің «Мемлекет» деген еңбегінде жас өскінге өмірлік қажетті іс-әрекеттерді үйретуші құралға, өмірге, трагедияға, сезімге, жалпы ғарыштық әлемге теңеген.

Антик ойшылдары ойынды адам мен өмір арасындағы байланысқа балайды. Себебі, философия «Дүниені, оның құрамына кіретін бөлімдерін жекелеп, бөлшектеп емес, тұтас күйінде қарастыруға, сол әдіспен олардың бәрін, жалпы заңдылықтарды ашуға тырысады».

XVII-XX ғасырларда ойын әрекетін түсіндіруде жаңа көзқарастар, пайымдаулар орнықты. К.Гросс адамдар мен жануарлардың ойындарын олардың бойында ген арқылы қаланған инстинктің әсері деп түсіндіре келе, олар келешек өмірге қажетті дағдыларды ойын негізінде меңгереді деп пайымдаса, Г.Спенсер ойын балалардың ағзасындағы басы артық энергияның әсерінен, күшінің тасуынан пайда болады деп түсіндіреді.

И.Хейзинга ойынды бүкіл мәдениетке, өнерге теңеп, оған поэзияны, би өнерін, салт-дәстүрлердің барлығын енгізеді.

Кеңес философтары М.Каган, В.Демин ойынды адам әрекетінің құрамдас бір бөлігі деп қарастырады.

Ғалымдардың еңбектерінде ойын әрекетінің жүзеге асуына төмендегі жағдайлар әсер етеді:

1. Ойын әрекетін жүзеге асыру үшін балада артық энергиялық күш болуы қажет;
2. Ойын – адамдар генінде қаланған инстинкті жеткізуші;
3. Ойын – балалардың қиялынан туындайды, ойын-бала шығармашылығы. Баланың қиялы ойын арқылы шарықтайды, олар ойнау кезінде басқа әлемге енеді.

4. Ойын қоршаған ортаға, қоғамға қарай түрленеді. Бұл қазіргі заман балалары мен ертеректе өмір сүрген балалардың ойындарының әр түрлі болғандығынан көрінеді. Қазақ халқының ертеректегі ойындары оның көшпелі, салт-дәстүріне байланысты шыққан. Мысалы, жамбы ату, көкпар, асық ойыны, т.б.

5. Ойындар-белгілі бір білімді, іс-әрекетті үйретуші құрал. Мәселен, бұрынырықта шахмат ойыны соғыс өнерінің тактикасы мен стратегиясын үйреткен. Кейінгі кезеңде жұртшылыққа кең тарап, спорттық ойын түріне жатқызылады. Мұндай мысалға қазақ халқының аударыспақ, жамбы ату, т.б. ойындарын жатқызуға болады.

Әйгілі педагог-теоретик Теодар Сайдер балабақшаға арнап ойын моделін ұсынады. Модель бойынша балалар тәрбиешінің оқыған әңгімелерін қайталап айтып берумен қатар, әңгіме мазмұны туралы ойларын ортаға салады және оны рөлдік ойындар арқылы ойнап беру дағдылары қалыптасады. Практикада және тәжірибеде көп тараған идея «мен» концепциясын қалыптастыру педагогтардың қолдауы бойынша адамның басқа адамға деген қарым-қатынасын айқындайды. «Мен» педагогикалық технологиясының теориялары мен идеяларының дамуына үлес қосқан профессор Мишель Борба «Строители самооценки» деген еңбегінде оқытудың мазмұнын, «мен қандаймын», «өзінді қалай тануға болады», «Басқа адамды қалай тануға болады», «Конфликтінің себептері және одан қалай құтылудың жолдары», «Неге әділ болу керек» және т.б. тақырыптық мәселелер рөлдік ойындар арқылы бейнелейді (14).

Бастауыш мектепте адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру процесінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Адамгершілік тәрбиесін жүйелі түрде ойын арқылы бастауыш мектептен бастап оқушылар бойында қалыптастыруға болады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал, балаларды қоршаған ортамен таныстыру, ана тілі, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері, дүниетану сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығушылық пен сипастық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Бастауыш мектептерде «адамгершілік тәрбиесіне» арналған арнайы пән болмағанымен, ол жоғарыда аталған іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде олардың жас және жеке дара ерешеліктерін ескеріп, балалардан мінез-құлық ережелері мен тәртіптілік ережелерін сақтау талап етіледі. Осы ережелерге сәйкес бастауыш сынып оқушылары төменде көрсетілген міндеттерді орындауға тиіс:

1. Үлкендердің талабын орындау;
2. Достарына, сыныптағы басқа да балаларға қайырымды болу;
3. Гигиеналық талаптарды орындау, таза жүру, әдемі киіну;
4. Үлкендерді сипау, кішіге қамқор болу;
5. Мектепте және сыныпта тәртіп сақтау;

6. Өтірік айтпау, ешкімді алдамау, шыншыл болу;
7. Қолынан келетін істің бәрін өзі істеу, басқалардың еңбегін құрметтеу;
8. Өзі пайдаланатын заттарды ұқыпты таза ұстау;
9. Елін, жерін, өзінің туған ауылын, қаласын сүйуге тәрбиелеу;
10. Жақсы нәрселерге ұмтылу.

Баланың отанға, адамдарға деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, ата-анасына, туған жеріне, өз қаласына, аулына, отбасына, туған-туыстарына, халықтың тілі, мәдениеті мен көркем өнерін, ойынын, ана тілін, тарихын, шежіресін біліп үйренуге тәрбиелеу ойын процесінде жүзеге асады. Осының негізінде адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін алты топқа бөліп қарауды жөн көрдік:

1. Бастауыш сынып оқушыларының бойында адамгершілік тәрбиесі туралы түсініктерді қалыптастыру.

2. Мінез-құлық нормалары мен қарапайым мінез-құлық дағдыларын ойын арқылы қалыптастыру.

3. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін әр түрлі ойын әрекеті барысында, ұжымдық жағдайда іске асыру.

4. Адамгершілік тәрбиесінің мазмұны оқушылардың мінез-құлқы мен тәртібін, адамгершілік сезімі мен санасын ойын элементтерін, адамгершілік түсініктер мен мінез-құлық мотивтерін қалыптастыру болып табылады. Адамгершілік сезім, адамгершілік түсініктерді меңгерудің негізінде туып, балалардың ойын әрекеті мен мінез-құлқынан, тәрбиесінен көрініс табады, ойын арқылы қалыптасады.

5. Балалардың алғашқы адамгершілік түсініктерін аңғарып, мінез-құлқы мен тәртібін қалыптастыруда бастауыш мектептік шақ ең жауапты кезең.

6. Балалар отбасы, жақындарымен қарым-қатынасында, оқу-тәрбие процесінде, тікелей өмір тәрбиесінде ненің жақсы, ненің жаман екенін байқайды, жақсы мен жаманға үлкендер тарапынан берілген бағаны меңгереді.

Психология ғылымында баланың айналадағы болмысты ойыншықтар арқылы түсінуі мектепке дейінгі жаста қалыптасып бастауыш сыныпқа келгенде бұл үрдіс одан әрі қарай дами түсетінін, олардың өзін қоршаған адамдарға деген көзқарасы мен талпынысынан байқауға болатынын дәлелдейді. Бірақ бұл өзгерістердің бәрі өзінен өзі немесе нерв жүйелерінің туа біткен заңдылық күші арқылы емес, дұрыс мақсат көздеп ұйымдастырылған тәрбиелеу және білім беру процесі мен ойын әрекеті барысында іске асады. Сынып жетекшісі өмірдегі барлық материалдық және рухани байлықтардың, сол сияқты ойыншықтардың үлкен адамдардың еңбегімен жасалғанын, оны өздері күнделікті өмірде пайдаланып жүргендерін нақты мысалдар келтіріп түсіндіреді (15.Б.123).

Міне, бұл адамзаттың даму тарихымен бірге келе жатқан тәрбие ұғымы, олай болса, ол тәжірибесімен, өмірімен, шежіресімен байланысты атадан балаға тарап келе жатқан үрдіс.

Педагогтардың айтуынша әр түрлі іс-әрекет бар: танымдық, еңбек, өнер, қоғамдық, спорттық, соның ішінде ойын әрекеті бастауыш сынып оқушыларының өмірінде маңызды орын алады.

Ал, біздің байқауымызша бастауыш мектеп оқушыларымен жұмыс істеу барысында ойын баласы екені ескерілмейді. Оны мына мысалдан көруге болады. Бастауыш мектептің оқу-тәрбие жұмысында ойынды неге көбірек қолданбайсыз деген сауалға бастауыш мектеп мұғалімдерінің бірі «Мен балаларды ойнатуға келген жоқпын, мен оларды мектептегі оқуға дұрыс дайындауым керек, оның ақыл-ойын дамытуым керек, ол ойын маған керек емес», - деп жауап берген (Р.Лемберг). «Бала ойнау керек» деген мәселе үнемі көтеріліп жүргенімен, көптеген ата-аналар мен мұғалімдер балаларды ойыннан алшақ ұстайды, ойын үшін баланы жазаға тартады.

Бүгінгі таңда ғалымдар балалардың жас ерекшелігін ескере отырып ойын процесінде адамгершілікке тәрбиелеу мәселесін міндет етіп қойып отыр. Біздер осы мәселелердің «ойын», «ойыншық» түсініктерінің керектігін айтуды жөн көрдік, жаңа мәселенің теориялық мәнін анықтау қажеттігі туындап отыр. Адамгершілікке баулу ол адамдардың әрбір істеген әрекетін, сөйлеген сөзін, өзгелермен қарым-қатынасын ақылға салып, ар-ұят таразысынан өткізіп, біліммен, ойынмен ұштасып, ең әділ, ең дұрыс жолын таңдап ала білуі. Адамгершілік деген ұғым ол мәңгілік категория, мәселен, алғашқы қоғамның дамуының белгілі сатысында тәрбие барлық адамдарға ортақ, бірдей болады. Рулық қоғамда балаларды тәрбиелеу ең тәжірибелі адамдарға жүктеледі, ертегі, ойын, өлең сол дәуірдегі мінез-құлық тәрбиесінің құралына айналды. Ал қазіргі уақытта ғалымдар мейірбандық сезімінің сәбилік кезеңде қалыптасатындығын айқындайды. Мәселен, Е.А.Аркин: «Үлкендер өсіп келе жатқан балдырғанға адамгершілік сезімдерін дер шағында дарыта беру үшін оны қоршаған ортада көңілді, қуанышты жайларды жасай білуі шарт» - деп көрсетеді (16.Б.14).

Демек, адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз – адамның моральдық қасиеттерін жүйелі, жоспарлы, мақсатты тәрбиелеу болса, оның құралы ретінде бастауыш мектеп оқушыларының адамгершілік сапаларын қалыптастыру үшін ойынды алудың маңызы зор.

Ойын – бастауыш мектеп оқушыларының негізгі іс-әрекетінің бірі. Сұлтанмахмұт Торайғыров «Балалықтың қанына ойын азық», - деп бекер айтпаған (17.Б.64). Өйткені, ойын үстінде баланың бір затқа бейімділігі, мүмкіндігі және қызығушылығы анық байқалып, адамгершілік сапалары мен қасиеттері қалыптасады. Ойын мазмұны мен түріне қарай: мазмұнды-бейнелі, қимыл-қозғалыс, дидактикалық, құрылыс, кейіптендіру ойындары болып бөлінеді. Мазмұнды-бейнелі ойында балалар ойын мазмұнын түсінікті етіп жеткізуге тырысады, оған қажетті құрал-жабдықтарды табуға талпынады, оларды дайындау үшін еңбектенеді, ал еңбек ұжымдық іс-әрекетке біріктіреді және шығармашылық іс-әрекетке, ұжымшылдыққа, бір-бірімен мейірімді, қайырымды болуға бағдарлайды. Бала алған рольдеріне сай кейіпкердің киімін киіп, қимылын, дауыс ырғағын мәнерлі жеткізуге тырысады, көркемдік сабақтардан (ән-саз, бейнелеу өнері сабақтары) алған білімдерін пайдаланады, қуыршақты ұйықату үшін бесік жырын айтып әлдилейді, өзіне кішілерге деген қамқорлық сезімдері оянады, бейнелеу өнері сабақтарында жасаған ыдыс, үй жиһаздарын, қағаздан құрастырған заттарды ойын құралы ретінде пайдаланып,

ұқыптылық дағдылары қалыптасады. Құрылыс ойынында бала сызық бойына әдемі үй құрылысын жасап, оның бояуларының бір-бірімен келісімді болуын қадағалайды. Құрылыс материалдарын пішіні, түсі бойынша симметриялы орналастырып, оларды көлемі (кең, тар), биіктігі (биік, аласа) бойынша салыстырады. Ойын барысында шығармашылық танытып, жаңа мазмұн ойластырып, белсенділік көрсетеді. Өзінің және жолдастарының тұрғызған құрылыстарының сапасына баға береді, біреудің еңбегіне деген сыйластық көзқарас тәрбиеленеді. Дидактикалық ойын барысында есту, көру, сезіну, қабылдау сияқты процестері дамып, балалар музыкалық ойыншықтар мен әр түрлі саздық аспаптардың дыбыс шығару ерекшелігін ажыратуға, заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай іріктеуге, әр түрлі қимылдарды орындауға үйренеді. Ауызша ойналатын дидактикалық ойындарда сұрақ, өтініш, келісімді білдіретін дауыс ырғақтарына еліктеу қабілеттері жетіледі. Ертегі немесе әңгіменің мазмұны бойынша бөлек-бөлек суреттерді пайдаланғанда оларды белгілі бір тәртіппен жинау үшін байқағыштық пен тапқырлық көрсетеді. Қимыл-қозғалыс ойынында балалар санамақтар, өлеңдер, тақпақтар қолданады. Бұндай ойындарда балалардың ептілігі, қимылдың әдемілігі дамып, жанашырлық сезімдері қалыптасады, кеңістікті, уақытты бағдарлауға үйренеді, батылдық, тапқырлық, қайраттылық сияқты қасиеттер тәрбиеленеді. Кейіптендіру ойындары балаларға таныс ертегі, әңгіме негізінде құрылады. Жандарына жақын рольдерді өздері орындауға талпынады. Бұндай ойындарда фольклор жанрларын пайдаланатындықтан, олар балалар өміріне жарқын сезім, қуаныш, белсенділік, шығармашылық енгізеді. Осы айтылып отырған қасиеттер баланың адамгершілік дамуында маңызды роль атқарады.

Мазмұнды-бейнелі ойынның ерекшелігі сол, оны балалардың өздері жасайды, ал ойын қызметі айқын өнерпаздық және шығармашылық шығармашылық сипатта болады. Бұл ойындар қысқа да, ұзақ та болуы мүмкін.

Д.Б.Эльконин шығармашылық мазмұнды-бейнелі ойынға мынадай анықтама береді. Балалардың рольді немесе шығармашылық деп аталатын ойыны дамыған түрінде балалар өзіне ересектердің ролін (функциясын) алатын және жинақтаған формаларда ойын жағдайында ересектердің қызметі мен олардың арасындағы қарым-қатынасты қайта жасайтын іс-әрекет болып табылады. Бұл жағдайға тән нәрсе-ересектер қызметінің шын құралдарын алмастыратын алуан түрлі ойын құралдарының пайдалануы.

Балалардың ойыны өнерпаздық сипатта болады, себебі, балалар кез-келген құбылыстарды, іс-әрекеттерді, қарым-қатынастарды белсенді түрде және өзіндік ерекшелікпен қайталап орындайды. Өзіндік ерекшелік қандай да болсын фактілерді, байланыстарды балалардың қабылдауының, түсінуінің, ой елегінен өткізуінің ерекшеліктеріне, тәрбиенің барлығына немесе жоқтығына, сезімінің тікелігіне негізделген.

Ойын әрекетінің **шығармашылық** сипаты мынадан көрінеді: бала өзіне алған рөлдің бейнесіне түгелдей еніп және ойынның шындығына кәміл сеніп, ерекше ойын өмірін жасайды, ойын барысында шынымен қуанады немесе ренжиді. Бала өмір құбылыстарына, адамдарға, жануарларға деген ынтасын

қоғамдық мәні бар іс-әрекетке деген құштарлығын ойын арқылы қанағаттандырады.

Жүйелі түрде ойынға сипаттама берген Е.А.Покровский «Ойын» туралы түсінік әр халықта әр түрлі мағынада түсіндіріледі. Ежелгі Грек елдерінде «ойын балаларға тән қасиет», еврей халқында «ойын» күлкі, қалжың. Римлян халқында қуаныш, көңіл көтеру. Санскрит тілдерінің түсінігінде «ойын» - қуаныш. Ал неміс халқында «ойын» - жеңіл қимыл-қозғалыс және ойыннан қанағат алу. Жалпы европалық тілде «ойын» кең көлемде түсіндіріледі.

Біріншіден, адамның іс-әрекетте болуы, екіншіден, адамдардың рахат сезіміне бөленуі, көңіл көтеруі. Балалар ойын мазмұнына үлкен театр сахнасында ойнап жүрген артистердей жауапкершілікпен қарайды.

Ы.Алтынсарин өзінің көптеген педагогикалық тақырыптағы өлеңдері мен әңгімелерінде, аудармаларында еңбек тәрбиесімен қатар, адамгершілік тәрбиесіне де жете көңіл бөліп отырды. Ы.Алтынсарин ұрпақты ұлттық ойын, халықтың салт-дәстүрі рухында жүйелі түрде тәрбиелеуді аса жоғары бағалады. Өйткені ұлт ойындары халықтың сандаған ұрпағын тәрбиелеген негізгі құралдарының бірі. Мысалы, ақсүйек, белбеу соқ, тығылмақ ойнау баланы тапқырлыққа баулыса, асық ойнау, мергендікке, теңге алу, қақпақыл ойнау, шапшаңдыққа үйретеді. Көкпар тарту, қыз қуу, күрес сияқты спорт ойындары арқылы халқымыздың жастар тәрбиесіне, дене күшінің дамуы мен сергек болуына ерекше көңіл бөлгенін, ұлт ойындары еңбекпен, өнермен ұштасып жататынына назар аударған (18.Б.114).

Ағартушының бұл бағытта жазылған тәрбиелік мәні зор, асыл мұралары қазіргі өсіп келе жатқан ұрпаққа үлгі боларлық дүние.

Прогресшіл педагогтар Я.А.Коменский, Ж.Ж.Руссо, Р.Оуэн педагогикалық еңбектерінде болашақ жас ұрпақ тәрбиесі туралы құнды еңбектер мен кеңестер қалдыра отырып: «Ойын – бала дамуының үйлесімді құралы және шартты белгілері» деп есептеген. А.С.Макаренко баланың өміріндегі ойынның атқаратын қасиеті туралы: «Үлкендер үшін жұмыстың, қызметтің маңызы қандай болса, балалар үшін ойынның маңызы сондай болады», - десе, Н.К.Крупскаяның айтуынша, «Ойын балалар үшін еңбек, балалар үшін оқу және тәрбиенің негізгі формасы» (19.Б.94). А.П.Усова: «Ойын – бала қоғамының құралы, ол бала - өмірін ұйымдастыратын форма», - деп көрсетті (12.Б.156). А.В.Запорожец ертегі сияқты ойын да баланы бейнелейтін адамдарды ойын мен сезіміне терең бойлауға үйретеді, күнделікті әсер шеңберінен адамның алға ұмтылыстары мен қаһармандық істерінің кең әлеміне шығарады дейді.

В.Г.Белинский: «Тәрбие – ұлы іс, тәрбие арқылы адам тағдыры шешіледі», - десе, Д.И.Менделеев: «Тәрбиесіз білім – есуастың қолындағы қылыштай», - деген болатын.

Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады. Оған көптеген мысалдар келтіруге болады.

Қазір ортамызда «Қиын балалар», жасөспірімдер, ата-анасы көңіл бөлмейтіндер, түрлі тағдырға душар болған жастарымыз көп.

Біздің мақсатымыз мектеп жасынан бастап балалар бойында адамгершілік қасиеттер мен құндылықтарды тәрбиелеу. М.М.Пришвиннің сөзін келтірсек, «Оқушы –жастарымыз дұрыс тәрбиеге наннан да артық зәру».

Егер жабайы аңдар Адамдарға мейірімділік көрсетсе, адамдар неге бірін-бірі тәрбиелемеске?

Қазіргі жас ғалымдар Р.К.Төлеубаева өз зерттеулерінде адамгершілік тәрбиені қоғамдық дамудың жемісі ретінде қарастырады. Ол қоғам өміріндегі өзгерістерге байланысты дамиды. Бірде-бір адамзат қоғамы адамгершілік қасиеттерді үйренбей, адамгершілік сапаларды бойына дарытпай өмір сүрген емес деген пікір білдіреді. Э.А.Урунбасарова жастардың адамгершілік тәрбиесі туралы түсініктерін кеңейту мақсатында мынадай жұмыс формаларын ұсынады. Олар: этикалық әңгіме, баяндама, дәріс, диспуттар, конференциялар және т.б.

Жеке тұлғаны дамытуда ойындарды бастауыш мектепте қолдану жолдарын зерттеп, қомақты үлес қосқан бірқатар еңбектер баршылық (Ахметов Н., Адамбеков Н., Қуаныштов Т., Сағындықов Е., Тәжікеев М., Төлегенов Ж. және т.б.).

Б.Х.Құсайынованың «Ұрпақ тәрбиесіндегі қазақ халқының тыйым сөздерінің мәні» атты мақаласында балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде қазақтың тыйым сөздерінің алатын орны зор, оны дидактикалық ойын ретінде қолданса, онда адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу әлдеқайда оңайға түсер еді деген пікір айтады. (20.Б.31). Мәселен:

1. Халқымыздың жас баланы әр нәрсені қадірлеуге шақырған ұқыпты болуға, қатігездіктен аулақ болуға, қайырымдылыққа үйрететін тыйым сөздері өте көп, «тұзды баспа обал болады, анаға қарсы сөйлем, қызға қабақ шытпа».

2. Қазақтың мына бір топ тыйым сөздері жас ұрпақты тәртіптілікке, сақтыққа шақыра отырып, жаман әдеттерден сақтандырады: кешке қарай көңіл сұрама, екі жеңіді киіп жүр, екі жеңін кимеген елге кесір, бір жеңін кимеген - өзіне кесір. Ерте тұр: ерте тұрған адамның ырысы артық, ерте тұрған әйелдің бір ісі артық.

3. Тазалыққа және қоршаған табиғатқа қамқорлыққа шақыратын сөздердің кейбір түрлеріне тоқталатын болсақ, оларға жататындар: күлді басып, күлді шашпа, малды ұрма, ұрысып, балағаттама – обал болады. Тырнақ алсаң, жинап таста, шашты аяқ астына тастама, құстың ұясын бұзба – обал болады, малды сыпырғышпен ұрма және т.б.

Баланың жанына жақын, ұлттық сана-сезімін оятатын халықтық ойындарды математика сабағында қолданып жүрген басқа ойындармен қатар пайдалану аса қажет. Бастауыш сынып оқушыларының психофизиологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, олардың сабақ үстіндегі қимыл, іс-әрекеті ойын түрінде және керісінше алмасып, екі жағдайда да пән тұрғысында жүргізіледі. Қандай да бір ұғымды бала ойын барысында сан рет қайталаудан жалықпай, байқамастан еріксіз есіне сақтайды, ойын арқылы баланың тілі, ақыл-ой, қиялы, логикалық ойлау, танымдық қабілеттері дамып, өздігінен жұмыс істеуге

үйреніп, оқу міндеттерін атқару дағдылары, оқу іс-әрекеттері қалыптасады. Сонымен қатар, санамақ, қаламақ, тақпақ, жұмбақ, жаңылтпаштарды ойын мазмұнына ендіру арқылы балалардың танымдық қызығуларын арттыруға болады. Ұлттық ою-өрнек таңбаларды таныту, оларды қолмен әшекейлеудің маңызы зор. Бала ұстаған затының пішінін саусақтары арқылы сезініп, есінде сақтайды, ою-өрнек таңбаларды санағыш материал ретінде пайдаланып, оларды геометриялық фигуралар арқылы құрастыруға, қарындаш көмегімен құрылған алгоритм арқылы салдыруға болады.

Қазақ мектептерінде ұлттық ойындарды дене тәрбиесі сабағында пайдалану арқылы төмендегі мәселелерді шешуге болады:

1. Ойынның әдісімен аяласына үйрету.
2. Моральдық, адамгершілік, еркіндік, сана қасиеттерін үйрету.
3. Теориялық дайындық.
4. Психологиялық дайындық.

5. Кешенді қасиеттерді тәрбиелеу: күш-қуат, жылдамдық, ептілік, шыдамдылық, икемділік т.б.

Қазақтың ұлттық ойындарын үйрету арқылы балалардың достық, жолдастық, жақсылық, жамандық туралы түсініктері кеңейіп, жерін, елін сүйуге тәрбиеу жұмысы жүзеге асады.

Әр халық әлеуметтік-экономикалық даму жолында өзінің тіршілігіне бейім, ұлт ойындарын туғызады. Бұл ойындар ұлттық мәдениеттің бір тұрағы ретінде халықтың әдет-ғұрпын, салт-санасын толықтырып отырады. Олай дейтініміз, халық тәрбиесі балаға ойын арқылы жеткен, онымен қоса, баланың мінез-құлқы ойын үстінде қалыптасады және жалпы өнердің өзін бала ойын үстінде қабылдайды. Мәселен, ойын барысында оның ережесін бұзған, болмаса қарсыласынан ұтылып қалған ойыншы ортаға шығып, топ алдында өзінің өнерін көрсетеді. Осылайша, ойын үстінде баланың дене құрылымы ғана емес, ең әдемі мінез-құлқы қалыптасады. Сондықтан да ұлттық тарихи қалыптасу кезеңдерінде дене тәрбиесінің негізі – халықтың осы спорттық және қозғалмалы ойындары.

Қай халықтың болмасын ойын-сауығы болады және сол ұлттың жан дүниесінің көрінісі. Қазақтың халық ойындарының тәрбиелік мәні өте жоғары, ол ойындарда қоғамдағы әлеуметтік жағдайлар және халықтың тұрмысы бейнеленген. Міне, сондықтан да бастауыш мектеп оқушыларына адамгершілік тәрбие беруде ойынды тәрбие құралы ретінде алып отырмыз, себебі ойын баланың жанына жақын, ойына түсінікті. Адамгершілік сапалардың бірі **батылдықты** тәрбиелеуде ойынның маңызы зор. Ойын барысында ұялшақ балалар да батыл болып келеді. Ойын барысында балалардың табандылығы, мақсаттылығы, шешімділігі, белсенділігі, батылдылығы, ұстамдылығы, өзін-өзі тежей білу қабілеті тәрбиеленеді. Сонымен қатар, батылдылыққа тәрбиелеуде ата-аналар мен сынып жетекшілерінің үлгілері де маңызды рөл атқарады.

Адамгершілік сапалардың келесі бір түрі **ұстамдылықты тәрбиелеу**. **Ұстамдылықты тәрбиелеу дегеніміз** – бала өзінің талап-тілегін, сезімін, мінез-құлқын, тәртібін меңгере білу, өзін-өзі алып жүре білу қабілетін

тәрбиелеу. Ол үшін баланың қырсық мінезін түзеу керек, әрине, баланың қырсықтығын бұйрықпен, жазалаумен емес, оны тәрбиелеумен, баланың ерік-қайратын мұқалтпай жеңу абзал. Кейде баланың қырсық-қыңырлығын басқа нәрсеге ойынға зейінін аудару арқылы жеңуге болады. Бұл қағида адамды құрметтеуге және оның адамгершілігін бағалауға негізделген, оны тәжірибеде қолдануда тәрбиешінің мейірімділікті балалардың жеке ерікшеліктерін, даму мүмкіндігін ескере отырып, ойын кезінде талап қоя білуімен ұштастыруынан көрінеді. Ал, бұл бастауыш сынып оқушыларының ынта-жігерін басып тастамай, адамгершілік мінез-құлықтың, тәртіптіліктің негізін қалыптастырады. Әрине, бұл әр мұғалімнен және сынып жетекшісінен ұстамды да шыдамды, әрбір оқушыға құрметпен қарауды талап етеді. Осыны ескере отырып, біз өз тарапымыздан адамгершілік тәрбиесіне байланысты ойын үлгілерін пайдаланудың маңызды екенін айқындап отыруға тиістіміз.

Баланың жеке басын құрметтеу – мейірімділікті балалардың жеке ерекшеліктерін, адамгершілік тәрбиенің дамуымен мүмкіншіліктерін ескере отырып, ойын кезінде талап қоя білумен, ұштастыра білуден көрінеді. Адамгершілік мінез-құлықтың, тәртіптіліктің негізін қалыптастыруға топта орнатылған тәртіпті бұлжытпай орындау мүмкіндік береді.

Сезімге, санаға ықпал жасау – жеке тұлғаның дамуы процесінің біртұтастығы ұғымынан туады. Ол адамгершілік тәрбиесі құралдары мен әдістерін таңдап алуда кешенді көзқарасты талап етеді. Оқушыларға қойылатын талаптардың жүйелілігі, мінез-құлық дағдыларын бекем меңгеруді, баланың жеке басының ойын негізінде адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуын қамтамасыз етеді. Сондай-ақ тәрбие міндетін неғұрлым толық шешуді қамтамасыз ететін жағдай қажет: қандай да болса адамгершілік қасиетін қалыптастыру үшін баланың сол қасиеті бейнеленетін қылықтарын жүйелі жаттықтыру қажет. Сондай-ақ оны тәрбиелеуші адамдардың талаптарының бірдей болуын қамтамасыз ету керек (21).

Балаларды құрбы-құрдастар ұжымында тәрбиелеу жеке-дара тәсіл, қағидалармен де жүзеге асырылады, мұнда жас ерекшеліктерін, ойын кезіндегі адамгершілік түсінік дәрежесін және баланың мінез-құлық тәжірибесін есепке алу керек. Бұл қағиданы жүзеге асыру педагогтан ол жастағы баланың психофизиологиялық ерекшеліктерін терең білуді талап етеді.

Қазақстан – тәуелсіз мемлекет. Тәуелсіз елді өркениетті әлемге танытатын, дамыған елдер қатарында терезесін тең ететін күш – білім және білімді де, тәрбиелі ұрпақ. Білімді ұрпақ – егеменді елдің берік тірегі. Біз білімді ұрпақ, білімді тұлға дегенде рухани жан дүниесі бай, білімі мен біліктілігі жоғары, талап-талғамы терең, салауатты өмір салтын дұрыс қалыптастырған тұлғаны айтамыз. Түбегейлі өзгерістерге бет бұрған жаңа қоғамда тек білімді болу жеткіліксіз, сондықтан әрбір жеке тұлғаның бойында адамгершілік, ізгілік, кішіпейілділік, қайырымдылық, батырлық, отансүйгіштік т.б. қасиеттер болуы тиіс. Ол үшін жас ұрпаққа тәрбие беруде ар-ұят, адалдық, адамгершілік, ізгілік мәселелерін қатар қою қажет.

Ғылымда ізгілендіру мәселесі өзекті мәселелердің қатарынан орын алып отыр. Өйткені ғылым мен техниканың қарқынды дамыған тұсында адамдар

білімнің күшін тек жақсылыққа, игі істерге ғана жұмсамай, жамандық пен қатігездікке де жұмсауда. Сондықтан да қоршаған орта мен табиғатты, оның байлығын бағалауға, табиғаттың өмір сүру үшін маңыздылығын ұғындыруда жас ұрпаққа адамгершілік тұрғысынан түсіндіру аса қажет. Осы кезде ғана біз адамгершілік ұғымын кең ауқымда, яғни адамдардың бір-біріне ғана емес, мәдениетке, табиғатқа деген ізгілік қарым-қатынасын қалыптастырамыз. Күнделікті өмірде кездесетін қайырымдылыққа мысал келтірейік. 92 жастағы анасы қайтыс болған жігіт анасына табыт жасауға тақтай таба аламай қиналады. Бірақ мейірімді жастар кездесіп, ағасының қоймасындағы ағаштан тақтай тіліп береді. Енді оны алып кететін көлік жоқ. Бірақ бұл жолы да қайырымды адам кездесе кетеді, жүргізуші жігіт уақыты тығыз болса да, апарып тастауға келісіп, ағашты тиіп алып қоймадан шыға бергенде, автоколонна бастығына кездесіп қалады. Тақтай тиіп алған өз көлігін көрген басшы айқай салып, жағдайды тыңдамай жігіттің тақтайын түсіріп, машинаны жұмысқа жібереді. Көзінің жасы көл болған жігіт, тақтайдың қасында егіліп тұрады. Жанжалды құлағы шалып қалған, өтіп бара жатқан ат арбалы адам бұрылып келіп, қайырымдылық жасап, көмек қылады. Міне, осылайша қиналған адамға ізгілік нұрын шашады. Адамгершілік дегеніміз айналамызға ізгілік нұрын шашудан тұрады екен.

Адамгершілік жөнінде білімдер дұрыс іс-әрекеттер жасаудың, балалар бойында мінез-құлықтың дұрыс нормаларын қалыптастырудың маңызды алғы шарты болып табылады. Бұл білімдер баланың жеке бастық тәжірибесінің шектеулігін жеңуіне, бұрын басынан кешірмеген жағдай кездескенде дұрыс бағыт-бағдар ұстауға, өзінің және өзгелердің мінез-құлқын сапалы түсініп, дұрыс бағалай білуіне көмектесетін болады.

Адамгершілік нормалары мен ережелерін игеру дегеніміз, тұтастай алғанда адамгершілік ойлау қабілетін қалыптастырудың басты шарттарының бірі болып табылады.

Адамгершілік тәрбиесіне профессор Н.И.Болдырев: «Адамгершілік тәрбиесі дегеніміз – оқушыларда мақсатқа негізделген моральдық сенімдер мен жағымды мінез-құлық дағдылары мен әрекеттерін қалыптастыру және адамгершілік сезімдерін дамыту», - деп анықтама береді.

Адамгершілік тәрбиесі – бұл тәрбиеленушінің қоғамдық мораль талаптарына сай санасына, сезіміне, әдет-қылығына, мақсат бағытына жүйелі түрде ықпал ету.


Адамгершілік тәрбиесі – жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтарын дамытудың негізі. Адам баласы қоғамда өзінің адамгершілік қасиеттерімен, қайырымдылығымен, адалдығымен, әділеттілігімен ардақталады. Моральдық қасиеттер адамдардың қимыл-әрекетінен, қатынастарынан шығады. Жақсылық пен жамандық, зұлымдық пен махаббат, әдептілік, борыш пен намыс, ар ождан, адамның іс-әрекеті арқылы өлшенеді. Бұларды адам бойына жастайынан мінез-құлық ережесі етіп қалыптастыру тәрбиеге байланысты (22).

Қорыта келгенде, адамгершілік – адамның барлық іс-әрекетіне, әдетіне және барлық мінез-құлқына, тәртібіне, оның адамдарға, отанына,

еңбекке, қоғамдық мүлікке қарым-қатынастың дұрыс болуына ойын арқылы бағыт беріп және сілтеп отыратын тәрбие.

1.2 Бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие берудің мазмұны

Педагогика ғылымында ойын әрекетінің алатын орны туралы зерттеліп жүрген еңбектер аз емес. Себебі, ойын – оқу, еңбек іс-әрекеттерімен бірге адамның өмір сүруінің маңызды бір түрі. Оның құрылымын төмендегі суреттен көруге болады:



1 сурет - Іс-әрекет түрлері

«Ойын» ұғымына түсініктеме берсек – бұл адамның мінез-құлқын өзі басқарумен анықталатын қоғамдық тәжірибені қалыптастыруға арналған жағдаяттар негізіндегі іс-әрекеттердің бір түрі. Адамзат тәжірибесінде ойын әрекеті мынадай қызметтерді атқарады:

- ойын-сауық;
- коммуникативтік немесе қарым-қатынастық;
- диагностикалық (ойын барысында өзін-өзі тану);
- коррекциялық (өзін-өзі түзету);
- әлеуметтендіру.

Әлде де болса ойынның адамның дамуына, қалыптасуына, тәрбиесіне байланысты функциялары анықталуда.

Ойын-адамның өміртанымының алғашқы қадамы. Сондықтан ойын арқылы балалар өмірден көптеген мәліметтер алып, білімін жетілдіреді.

Ойын - бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет іспетті. Ол міндетті түрде ұжымдық әрекет. Ойынның ережелері ойнаушылардың қисынды ой қабілетінің дамуы, бір-біріне деген силастық қажеттіліктерімен санасуы әр ойыншының жеке әрекеттерінен туындайды. Ойынның басты шарты жеңіске жету болса, әр ойыншы өз қарсыласының мүмкіндігімен санасып, бір-біріне деген сенімін арттырады (23).

Ойынның өзіне тән мотивтері болады. Мысалы, мазмұндық-рөлдік ойындар баланың зейінін, есін, ойлауын, қиялын қалыптастыруда зор маңыз атқарады. Ойын әсері арқылы бала өз қасиетін қалай қанағаттандыра алатынын, қандай қабілеті бар екенін байқап көреді. Ал, ақыл-ой күшін қажет ететін ойындарда белгілі бір ережелерді сақтап ойнайды. Ол ойындар баланың тарқырлығын, байқағыштығын, зейінділігін арттырумен қатар, ерік, сезім түрлерін де дамытады.

Ойын түрлері өте көп. Соның ішінде бастауыш мектепте пайдаланатын түрлері: ойын-сабақ, ойын-жаттығу, сергіту ойындары, дидактикалық мақсаттағы ойындар, сөздік ойындар, логикалық ойын есептер, ұлттық ойындар т.б. Бұндай ойындар баланы жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Бастауыш мектептің тәрбиелеу және білім беру үрдісінде – кеңінен қолданылатын ойынның тағы бір түрі ол – дамытушы ойындар. Дамытушы ойындардың маңыздылығы балалардың ынта-ықыласын есепке ала отырып, сабақты қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Дамытушы ойындарға қойылатын бірінші талап – балалардың танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту. Бұл талаптар төмендегідей сұраныстарға жауап береді:

- балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- баланы басқалармен жарыса білуге үйрету;
- білік пен дағдыны қалыптастыру үшін білімді өзі ізденуге қамтамасыз ету;
- ойын барысында балаға жаңа білім, білік, дағдылардың қайнар көзіне жету;
- баланың ойын барысында жеткен жеңісі оның жаңа алған білім, білік, дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Дамытушы ойындардың ішінде балалардың өздері қолдан жасап, құрастырып ойнайтын ойыншықтардың орны ерекше. Өйткені өздері ойын барысында жаңа білім алып, олардың елестету, есте сақтау, ойлау, сөйлеу тілімен бірге адамгершілік, ұйымдастырушылық қасиеттері, музыкалық, конструкциялық қабілеттері дамиды.

С.А.Шмаковтың анықтауы бойынша ойын үш түрлі қырымен сипатталады:

- еркін дамытушы іс-әрекет, ол әрекет белгілі бір нәтиже үшін емес, баланың қанағаттануына байланысты;
- әрекеттің эмоционалды жағынан көтеріңкі болуы, яғни жарыстық орын алуы;
- ойынның мазмұнын сипаттайтын қағидалардың болуы.

Ұлы Абайдың «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала бола ма?» деген пікірінен бала өмірінде ойынның маңыздылығын көруге болады. Жас жеткіншектердің психикасы мен адамгершілік қасиеттерінің дамуына ойын әрекеті шешуші рөл атқаратындығы туралы ойшылдар Я.А.Коменский, Ж.-Ж.Руссо, И.Г.Песталоцци т.б. өз еңбектерінде айтып кеткен.

Ал, белгілі қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердіұлы, С.Торайғыров, Т.Тәжібаев т.б. ойын арқылы балаларды болашақ өмірге бейімдеп, адамдар арасындағы қарым-қатынас пен өзара көмек, қайырымдылық сияқты адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруға болады деп түсіндірген. Ойынның теориясы мен маңыздылығы туралы К.Д.Ушинский, П.Ф.Лесгафт, тәрбиеде және оқыту процесінде ойынның алатын орны туралы С.П.Шацкий, В.А.Сухомлинский және Н.К.Крупская өз пікірлерін білдірген.

Адамгершілік тәрбие беруде ойынның алатын орны туралы ғалым Н.Құлжанова да зерттеген. Ойын бала үшін еліктеу, инстинкт, күнделікті негізгі іс-әрекет және өмірі деп дәлелдеген. Н.Құлжанованың айтуы бойынша ойынды

әдептілік, тәрбиелік мақсатқа пайдалану – болашақ өміріне түзу жол салу, үлкендерге еліктеу және өмірдің талаптарына сай бейімдеу деп түсіндірген (24).

Бастауыш сынып оқушылары еліктегіш, жаңаны жаны сүйгіш келеді. Сондықтан тәрбиелеу және білім беру үрдісінде балалар бойында адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу мақсатында ойынды пайдаланудың маңызы зор.

Біз балалар ойынын бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беру құралы етіп алып отырмыз. Сондықтан, балалардың ойын әрекеті арқылы адамгершілік тәрбие берудің басты мақсаты бала бойында адамгершілік сезім, талғам, мәдениет, көзқарас жүйесін орнықтыру болып табылады. Ал бұл міндетті бұлжытпай орындау, ойын әрекетіне, ұлттық ойындар үлгілеріне сүйіспеншілігін арттыруға саяды. Міне, осы міндеттерді жүзеге асыру балалардың адамгершілік тәрбие компоненттері, ойын туралы таным түсінігін тереңдетіп, олардың қоғамдық өмірге, қоршаған ортаға, үлкендер еңбегіне, табиғатқа деген жаңа мәдени қарым-қатынасын бекітуге бағытталады. Бастауыш мектеп жұмысының сапасын арттыру мақсатында әр жылдарда өңделіп толықтырылған бағдарламалар мен қатар ауыз әдебиетімен таныстыру бағытында және адамгершілік бағытында жазылған еңбектер аз емес (25).

Баланың адамгершілік сезімталдығын, шығармашылық қиял-қабілеттерін, адамгершілік сапасы мен көзқарасын, мәдениетін, ой-өрісін кеңейтіп, ана тілінде сөйлеу, мейірімді, қайырымды болу, қоғам өміріндегі адамдар арасындағы қарым-қатынасты аңғарып, бойына сіңіре білуге тәрбиелеуде ойынның, ұлттық салт-дәстүрдің айрықша орын алатыны жайлы қазақ халқының тұңғыш этнограф-ғалымы Ш.Уәлиханов, көрнекті ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин, қазақ зиялылары: А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Н.Құлжанова, М.Жұмабаев, халық ауыз әдебиеті үлгілерін, ұлттық ойындарды алғаш жинап бастырушы А.Диваев, М.Ж.Көпеев т.б. ой түйіндері, озық идеялары ұрпақ тәрбиесінде бүгін де, ертең де мазмұны ескірмейтін, қайта түлеп жаңара беретін өнер өнегелері қуатты тәрбие тамыры болып табылады. Оған дәлел ретінде 1922 жылы Орынборда жарық көрген М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығын атауға болады. Оқулық: тарту, сөзалды, жетекші сөз, тәрбие деген не? Тәрбие бөлімдері (дене, ақыл, сұлулық һәм құлық тәрбиесі), тәрбие мақсаты, педагогика қандай пән деген бөлімдерден тұрады. Аталған еңбекте балаларға рухани тәрбие берудің жолдары мен әдістері көрсетілумен қатар, қоршаған дүниені қабылдауға жан көріністерін (есту, сипап сезу, иіскеу, татып көру, ес, қиял, ойлау, тілін дамыту) бірлікте дамытудың маңызы жайында құнды пікірлер айтып, ой түйіндерін тұжырымдаған адамгершілік сезімдері жайлы ғылыми ұғымдар да әр қырынан ашылған. «Баланың маңайында сөйленетін сөздер де әдепті, сұлу болуға тиіс», - деп балалардың адамгершілік дамуындағы үлкендердің роліне тоқталады (26).

Бастауыш мектептерде педагогикалық үрдістің ұйымдастырылу деңгейін анықтау үшін, сынып жетекшілерінің жылдық жоспарларына талдау жасадық. Талдау нәтижесі кейбір мектептердің педагогикалық ұжымдары балалардың адамгершілік қасиеттері мен сезімдерін қалыптастырып, психикалық процестерін дамытуда аянбай еңбек етіп отырғандарын көрсетті. Осы мектептердегі сынып жетекшеліренің апталық және айлық жұмыстарын

бақылай отырып, мұғалімдердің алға қойған міндеттерді дұрыс шешуге шынайы ынта мен ықыластық көрсетіп, қоғам алдында болашақ тәрбиесі үшін жауапты екенін мойындайтындарына көзіміз жетті.

Бастауыш мектептердегі тәрбие бағдарламалары мен оқу құралдарын адамгершілік тәрбиесі тұрғысынан талдау жасай отырып, ойын арқылы адамгершілік тәрбие беруді мынадай екі шартты бағытта жүргізуді ұсынамыз:

1) Ойын әрекетінің түрлерін бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беруде жүйелі және үздіксіз пайдалану;

2) Ойын арқылы балалардың адамгершілік тәрбиелілігін дамыту.

Өйткені, ойын балаларға ата-баба салты мен дәстүрі туралы білім беріп қана қоймайды, сонымен бірге олардың бойында адамгершілік тәрбие сапаларын, табиғатқа, адамдар арасындағы мәдени қарым-қатынас пен жалпы қоршаған ортаға қатынас сезімін ұялатып, адамгершілік тәрбие туралы білім, дағдыны орнықтырады. Сонымен, бүгінгі таңда бастауыш мектептің мемлекеттік стандартына және тәрбие бағдарламаларына адамгершілік тәрбие беру тұрғысында жасалған талдау бізге алдағы уақытта атқарылатын жұмыс түрлері мен әдістерін жоспарлауға және осы салада кездескен олқылықтарды саралауға септігін тигізеді.

Адам жаны әрқашанда жақсылыққа ұмтылады, қайырымдылық пен мейірімділікке құштарлық, оған ынтығушылық еңбектеген сәби кезінен кәрілік жеңгенге дейін бүкіл өмірінің арқауы болып өтеді. Дегенмен де бүгінгі таңда рухани дүниетанымы бай ұрпақ өсіру, оның халықтық мұраға, ойын түрлеріне деген сүйіспеншілігін арттыру тәрбие жүйесінің сан алуан қырын қамтитын күрделі үрдіс.

Баланың қоршаған ортадағы жақсылықты көру, қабылдау нышаны бөбектік шақтан-ақ байқалады. Оны дамытып кемелдендіру, шығармашылыққа баулу, бақылап сезген, көрген адами болмысты терең түсіну, өміршең ету отбасы, балабақша және бастауыш мектептегі тәрбие үрдісінде іске асырылады. Баланың айналадағы дүниегедегі жақсылықты, мейірімділікті, қайырымдылықты, жанашырлықты тану, сезіну, қызығу ерекшеліктері жөнінде Абай: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жылтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «Ол немене?», «Бұл немене?» - деп көзі, құлағы естігеннің бәрін сұрап тыныштық көрмейді», - деп бала дамуындағы айрықша байқалатын рухани адамгершілік даму өзгерістерін анық талдап көрсетеді (24.Б.21).

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі мақсаты педагог-тәрбиешілер баланың бойына рухани адамгершілік мәдениетті қалыптастыруы (әрекеті, әсерлену, ойлау) оны жоспарлы және мақсатты түрде сіңіруі, адамгершілік білім мен талғам, қажеттілік тұрғысында қарастыруы қажет (25). Бұл жөнінде әл-

Фараби: «Жас ұрпақтың адамгершілік ұғымын, сезімін қалыптастыруда үш нәрсені басшылыққа алу керек:

1) Баланың ішкі ынта-ықыласы, жақсылыққа қызығушылығы, табиғи қабілеті;

2) Ұстаз – тәрбиешінің шеберлігі, ар тазалығы, шәкірт алдындағы адал жауапкершілігі;

3) Тәрбие процесінің алатын орнын басшылыққа алып, тәрбие жұмысында барлық уақытта жоғары мұрат-мақсат, іскерлік, ұйымшылдық, қызықтырушылық және әділетті бағалау қатар жүруі шарт», - деген ой айтады (26.Б.95).

Жеке тұлғаның өзін-өзі дамыту мақсаттағы басты адамгершілік іс-әрекет талғамы, өзінің өскен ортасында жақсылыққа талпынуы, сезінуі, қабылдауы тәрбиешілердің баланың жан дүниесін, психикалық көңіл-күйін аңғарып тәрбиенің соған қарай бағытталуына байланысты. А.Байтұрсынов өзінің балаларды оқыту және тәрбиелеу туралы еңбектерінде: «Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап, өсіп жеткен тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білуге керек», - дейді. Бұдан бала тәрбиесінде мұғалімге беймәлім ешнәрсе болмауға тиісті деген ұғым туса керек (32.Б.2).

Бастауыш мектептік жас – бала дамуының аса бір маңызды кезеңі. Организм тізілісінің бірден қалыптасып жетілуі, нерв жүйесінің қалыпты дамуы болашақ тұлғаның тілінің, ойының, сезімінің дамуына мүмкіндік туғызады (33). Әр халықтың ұрпақ тәрбиесінде өзіндік ұлттық ықпалы болады. Балалар ойынының өзіне тән ерекшелігі – балаға айналасындағы бай мұраның мазмұнын адамгершілік тұрғыдан түсінікті етіп жеткізе отырып, ұлттық еңбектің нәтижесін сезінуге, қоршаған дүниеге, салт-дәстүрге, табиғи құбылысқа үңіле қарауға, ой-қиялын дамытуға әсер ететіндей негізгі тәрбие құралы болуында. Міне, осы ерекшелік ойынның бастауыш мектепте балалардың адамгершілік тәрбиесін дамытуда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.

Қазіргі кездегі педагогикалық, психологиялық тұжырымдар мен іс-тәжірибелердің мазмұнын талдасақ, адамгершілік тәрбиесінің міндеттері толық жүзеге аспай отыр. Бұл жұмыс балалардың әр түрлі іс-әрекеті барысында біржақты жүйеде құрылғанын көреміз. Сондықтан, бастауыш сынып оқушыларына әр түрлі әрекет барысында адамгершілік тәрбие беруді айқындау өзекті мәселелердің бірі. Бұл мәселені шешу төмендегі міндеттерді алға қояды:

- бастауыш сынып оқушыларының қоршаған ортадағы, құбылыстағы жақсылықты қабылдауын, адамгершілік сапасын, тәрбиелілігін жүйелі, мақсатты дамыту;

- бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік қасиеттерінің негізін ойын арқылы қалыптастыра отырып, ойын мазмұнын өздігінен бағалай білу қабілетін дамыту;

- бастауыш сынып оқушыларының қимыл-қозғалыс қабілеттерін жетілдіру, оларда ойын мазмұнына тікелей эмоциялық ықыластылық, қуаныш, толқу, таңдану, қызығу тудыру;

- бастауыш сынып оқушыларының әлі келгенше өз өмірлеріне, тұрмысқа, қоршаған ортаға, адамдарға деген көзқарастары мен жанашырлық сезімдерін ендіру қажеттілігі мен әдетін баулу.

Бастауыш мектептегі адамгершілік тәрбие күрделі үрдіс. Ол жалпы педагогикалық процестен оқшауланып алынбай, бала өмірінің көп жақтарына бойлай енуімен бірге оның ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене дамуымен тығыз байланысты. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру жұмысы балалардың іс-әрекетін ұйымдастырудың негізгі формаларында (ойын, сабақ, тұрмыс, еңбек, мерекелер, өзіндік әрекеттер) жүзеге асырылады.

Бастауыш сынып оқушыларының әрекеттерін ұйымдастырудың негізгі түрі – **сабақ**. Сабақта және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру барысында балаларға жана ойындар үйретіліп, ойын мазмұнын қабылдаумен, олардың ережелерін айтып берумен, шығармашылық көрсете отырып берілген рөлдерін орындауға байланысты іс-әрекет пайда болады. Балалар ойын мазмұнын тұтас алғанда тереңірек қабылдайды, ықыластана, назар аудара тындап, мазмұнға, кейіпкерлерге деген өз көзқарасын тиянақтап айта білуді меңгереді. Сонымен қатар, балалардың ойын мазмұны мен оның балалар өміріндегі дұрыс қарым-қатынасты қалыптастыру арасындағы байланысты байқау қабілеті дамиды. Түйсік қабілеттері де дамиды, балалар өздері ойын мазмұнына байланысты тобындағы, ауладағы балалармен, құрдастарымен адамгершілік қарым-қатынас орнатып, жаңа ойын ойлап шығарады.

«Имандылық тәрбиесі». Әдептілік-әдемілік тақырыбы бойынша балалардың табиғат сұлулығын сезініп, қабылдауы мен бағдарлау, әсерлену дағдысын арттыру бағытында жүргізіледі, өзіне-өзі қызмет етуге, басқа балалармен дұрыс қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға, адамгершілігі мол, тәрбиелі болуға үйретеді. Балалар бойында мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерді тәрбиелеп, шығармашылық қабілеттері мен жаман-жақсы құбылыстарды айыра білуде адамгершілік көзқарас қалыптастыру мақсатында «Ары қарай жалғастыр», «Осыған дейін не болыпты?», «Бұл қалай аталады?» т.б. ойындар ойнатады. Яғни, мұғалім шығарманың басы немесе аяғын береді. Ал, балалар оны толықтырып аяқтайды, тақырып ойлайды, бас жағында не болғаны туралы өз ойларын айтады.

Бастауыш сынып оқушыларының еңбегін ұйымдастыру барысында кешенді ұйымдастырылған ойын түрлері балалардың еңбекке деген қызығушылығы мен талғамын, танымдық процестерін, тілін және адамгершілік қасиеттерін дамытады.

Ойын бастауыш мектептегі тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі әдістерінің бірі болып саналып, балалар өмірінде үлкен орын алады. Баланың адамгершілік сапасын, талғамын, қызығушылығын қалыптастыру, мінез-әрекетін тәрбиелеу, жеке басын жан-жақты дамыту бағытында меңгерілетін

білім, дағдылар ойын арқылы іске асырылады. Ойын баланың ой-өрісін, қиял сезімін дамытып, сөйлеу тілінің жетілуін, еркін пікір алысу машықтарын қалыптастырады. Ол балалардың жас ерекшелігіне байланысты табиғи түрде күрделеніп отырады. Бұл заңдылықты осы мәселе жөнінде ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдарымыз да ескерген. Мәселен, Ә.Диваев «Қазақ балаларының ойындары» деген еңбегінде адамның жас ерекшелігін үш топқа бөледі: «...Өмірге келгеннен бастап жеті жасқа дейінгі бала, жеті жастан он бес жасқа дейінгі балалар, он бес пен жиырма жас аралығындағы жастар...». Осының негізінде қазақтың ұлттық ойындарын үш топқа бөліп қарастырып, бірінші топқа «кішкентай жастағы» балаларға лайықты «санамақ», «тәй-тәй», «соқыр теке», «қуыр-қуыр-қуырмаш», «ақ серек, көк серек» т.б. ойындарын жатқызады. Балалар ойын арқылы шынығып, өзінің бойындағы табиғи дарынын шыңдай төседі. Олар ойын шартына бейімделіп, ептілік, батылдық, жылдамдық сияқты қасиеттерді көрсетіп, сол арқылы қимыл-қозғалысты жетілдіріп, мақсатты әрекет етеді.

Сонымен, бастауыш мектеп оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беруде бұрынғы көзқараста қалып қоймай, ойын түрлерін зор қызығушылықпен, сезіммен меңгерген жеке тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік беретін жұмыс мазмұнын, әдістері мен түрлерін іздестірудің терең мәні бар. Егер бастауыш мектепте оқушыларға ойын түрлерін дұрыс меңгертетін болсақ, онда адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда айтарлықтай жетістіктерге жетеріміз сөзсіз.

2 БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОЙЫН АРҚЫЛЫ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ ӘДІСТЕМЕСІ

2.1 Бастауыш мектеп оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру әдістемесінің жүйесі

Бастауыш сынып оқушыларының еліне, туған жеріне, табиғатына сүйіспеншілік сезімі мен талғамын, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық дәстүрі: үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, бауырмалдық, мейірімділік, қайырымдылық, қамқорлық сияқты қасиеттерін арттыра отырып олардың бойында адамгершілік сапалары жоғары адам тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеттерінің бірі болып отыр.

Бастауыш сыныптағы оқушылардың психологиялық және физиологиялық дамуы едәуір өзгерістерге ұшырайды. Бастауыш мектеп жасындағы балалардың адамгершілік тәрбиесі туралы түсініктерімен бірге, басқалардың қуанышы мен қайсысына ортақтасуға, достық, жолдастық көмекке келуге, үлкендерге сыйластықпен қарауға, кішілерге қамқор болуға деген талпыныс мүмкіндіктері дамиды. Жоғары нерв жүйесінің қызметі жетіліп, көрнекі-ойлау сияқты психикалық процестері қалыптасады, ми қыртысындағы жүйке жүйесі қызметінің жетілуіне байланысты баланың құбылысты, адамдар арасындағы қарым-қатынасты қабылдауы саналы түрге енеді. Әр түрлі әрекеттердің мазмұны күрделенеді, әрекет нәтижесінде пайда болған сезім, эмоция баланың жеке ерекшеліктерінің деңгейін көрсетеді. Бастауыш мектеп шағында баланың дене, психикалық дамуында кейбір ерекшеліктер байқалады. Олардың бұлшық

еттерінің күші артады, сүйек жүйесі қалыптасу сатысында болады, мидың үлкен жарты шарының функциялары дамиды.

Баланың бойы 115 сантиметрден 134 сантиметрге дейін өседі, салмағы 30-35 кг шамасында болады. Осы жаста бала миының көлемі де ұлғаяды, яғни, ол 5 жаста үлкен адам миының 90 % болса, 10 жаста 95 % тең болады. Жүйке жүйесінің жетілуі де жалғасады. Жүйке жасушалары арасында жаңа байланыстар түзіліп мидың жарты шарында икемділік күшейеді. 7-8 жаста жарты шарды жалғап тұрған жүйке талшықтары жетіле түседі және олардың өзара қарым қатынасының арта тусуін қамтамасыз етеді.

Жүйке жүйесіндегі бұл өзгешеліктер баланың ақыл-ойы дамуының келесі кезеңінің іргетасы қалануына негіз болады. Баланың білім алудағы іс-әрекеті де оған дейінгі барлық іс-әрекеттер сияқты, оған ену тәжірибесі арқылы бірте-бірте дамиды. Балалардың мінез-құлқын реттеуде жоғары ми қабығының мөлшері артып, жүйке қызметі жетіле түседі, мидың мандай бөліктері шапшаң дамиды, күрделі талдаулар мен жинақтауларды түсінеді, лексиканы игеріп, әр түрлі синоним, бейнелеу сөздерін қолданады. Міне, сондықтан мұғалім бұл жастағы балалардың бір-бірімен, үлкендермен қарым-қатынасына, ерік-жігері, моральдық сапалары мен жаңа тұрақты сезімдердің тәрбиеленуіне ерекше көңіл аударады. Біз осы жоғарыда айтылған балалардың ерекшелігі мен тәрбие талаптарын жүзеге асыру үшін бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру жұмысының бағдарламасын жасадық. Бағдарламаның мазмұндары мен мақсат, міндеттері 1.2 бөлімде 28 бетте берілді.

Балалардың жас ерекшелігіне сай адамгершілік сапаларды тәрбиелеу мақсатында ойын түрлерін тандап алу көзделді. Ол үшін:

- тәрбие жұмысын бағдарламада көрсетілген жүйе бойынша жүргізу;
- тәрбие жұмысын жетік білетін, шығармашылықпен жұмыс жасайтын ізденімпаз сынып жетекшілерін белгілеу;
- адамгершілік тәрбие беру жұмысын, тәрбиенің басқа салаларымен сабақтастыра кешенді жүргізу;
- ойын түрлерін тәрбиенің мақсатына сай пайдалана отырып, балалардың адамгершілік тәрбиелілігін арттыру үшін, аптаның барлық күнінде, олардың әр түрлі іс-әрекетінде тәрбиелеу жұмысы жоспарланды.

Адамгершілік тәрбиесін бала дамуының алғашқы сатысы – бастауыш мектеп жасындағы кезеңнен бастау жан-жақты жарасымды дамыған ұрпақ тәрбиелеуде алғы шарт жасайды.

Бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік сапаларын дамыту және қалыптастыру сынып жетекшісінің мамандық шеберлігіне, біліміне, тәрбиенің тиімді әдіс-тәсілдерін тандап ала білуіне байланысты.

Тәрбие әдісі (гректің "методос" – жол деген сөз) – бұл оқу орындарының тәжірибесінде тәрбиеге қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін пайдаланылатын жол, тәсілдер – тәрбиелеу саласына, еркіне, сезіміне, іс-әрекетіне әсер ету шаралары.

Тәрбиелеу мақсаттарына әртүрлі жолдармен жетуге болады. Тәрбиеші тәрбиеленушімен, олардың күш-қуатына, мүмкіндіктеріне, ынталарына сүйене отырып, істеген жұмысында қанша жол тапса, сонша тәрбие мақсатына жету тәсілі ашылады. Әрине, кейбір жолдар басқасына қарағанда мақсатқа тезірек жеткізеді. Мұғалімнің алдында тәрбиеге сай келетін, көзделген жетістікке тез апаратын және аз күш жұмсайтын жаңа, қолданылмаған жол табу міндеті тұрады. Құрастыру, таңдау және тәрбие әдістерін дұрыс пайдалану – кәсіптік педагогиканың асқар шыңы болып есептеледі.

Алайда, тәрбиенің жаңа әдісін жасауға көрінген сынып жетекшісінің күші келе бермейтіні белгілі. Әдістерді жоғары деңгейге көтеру үнемі алға тартылатын міндет. Тәрбие процесінің жағдайына тура келетіндей, сынып жетекшісі өз күші мен мүмкіндігіне қарай жалпы әдістер мен толықтырулар енгізе отырып, өз міндеттерін шеше алады.

Тәрбие тәсілі - жалпы әдістің бөлігі, жеке дара әрекет (әсер ету), нақты іс. Тәсілдер – бұл тәрбиешінің қойылған мақсатқа тез жету үшін тәрбиеленушімен бірге салатын соқпақ жолы деуге болады. Егер оны басқа тәрбиешілер де пайдалана бастаса, біртіндеп ол соқпақ үлкен жолға - әдіске айналады. Тәрбие әдістері мен тәсілдерін тану, оларды дұрыс қолдану - бұл педагогикалық шеберлік деңгейінің маңызды сипаттамасын білдіреді. Демек, тәрбие әдістері мен тәсілдері тығыз байланысты.

Тәрбиенің тиімді болуы әдістердің дұрыс таңдалуына байланысты. Әдістердің жақсы, жаманы болмайды, тәрбиелеу жолын алдын-ала оның қандай жағдайда қолданылғанын ескермей тұрып, жемісті-жеміссіз деп жариялауға болмайды.

Әдістерді таңдау көптеген жағдайларға байланысты. Бірақ факторлардың саналуандығына қарамастан әдістерді таңдау детерминатты, яғни себепті байланыста болып келеді. Педагог қолданған әдістерінің себептерін қаншалықты терең түсінсе, әдістің өзіндік сипатын біліп, қолдануды білсе, соншалықты әдістің өнімдісін, тәрбиелеу жолының дұрысын таңдағаны. Тәжірибеде үнемі тұратын міндет - әдістің біреуін ғана қолданбай, тиімдісін, нәтижелі болатынын таңдау. Тиімді деп - қойылған мақсатқа көп күш-қуат жұмсамай жететін неғұрлым пайдалы жолды айтамыз.

Кейбір жағдайларды жете ескерген, өзіне тиімді педагогикалық іс-әрекетті пайдаланған тәрбиеші тәрбие жұмысында әрқашан жоғары жетістікке жетеді. Тәрбие әдісін таңдау – жоғары өнер. Ал бұл өнер ғылымға сүйенеді. Тәрбие әдістерін таңдауды анықтайтын жалпы принциптерді қарастырайық. Бірінші кезекте төмендегілер ескерілуі қажет:

1. Тәрбие мақсаттары мен міндеттері. Мақсат әдісті тек жақтап қана қоймай, оны белгілейді. Қандай мақсат болса, оған жетудің нақты тәсілі болуы керек.

2. Тәрбие мағынасы. Бір міндет бірнеше мағынаға ие болатынын естен шығармау қажет. Сол үшін әдісті мазмұнмен емес, нақты мағынамен байланыстыру тиімді.

3. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне қарамай, міндет әртүрлі әдістермен шешіледі. Тәрбие

процесінің барлық кезеңінде белгілі бір сапалар қалыптасады, бірақ әр жеке сыныпта тәрбие әдісі өзгеріп отыруы тиіс. Бірінші сыныпқа дәл келетіні, үшінші сыныптағыларға сәйкес келмейді, ал бесінші сыныптағылар оны қабылдамауы мүмкін.

4. Ұжымның қалыптасу деңгейі. Ұжымның өзін-өзі басқару формасының дамуына қарай педагогикалық әсер әдістері өзгеріссіз қалмайды: басқарудың ыңғайлы (гибкость) болып келуі тәрбиеші мен тәрбиеленушінің бірігіп қызмет етуінің табысты шарты ретінде қажет.

5. Тәрбиеленушілердің жекелік және тұлғалық ерекшеліктері. Жалпы әдістер, жалпы бағдарламалар тәрбиелік өзара әрекеттегі тек бастама ғана. Жекелік және тұлғалық түзетулер (корректировка) қажет. Инабатты тәрбиеші өз әдістерінде әр тұлғаның өзіне тән қабілеттерін дамытуға, оның өзіндік қасиеттерінің сақталуына, "мендік" белгілерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әрекеттерді жасайды.

6. Тәрбиелік жағдайлар. Мұндай жағдайларға психологиялық-физиологиялық, санитарлы-гигиеналық, сонымен бірге сыныпта болатын қарым-қатынастар, яғни ұжымның көңіл-жайы, педагогикалық жетекшіліктің стилі және тағы басқалар жатады. Абстрактты (дерексіз) жағдайлар болмайды, жағдайлар әрдайым нақты келеді. Олардың үйлесуімен жасалатын тәрбиелік шара-істер – педагогикалық ситуация деп аталады.

7. Тәрбие құралдары. Тәрбие әдістері тәрбие процесінің бөліктері ретінде көрінеді, олар педагогикалық құралдар бірлігін құрайды. Әдістерден басқа да тәрбие құралдары баршылық, олар әдістермен тығыз байланыста, бірге қолданылады (көрнекі құралдар, өнер шығармалары, бұқаралық ақпарат құралдары). Тәрбие құралдарына олармен бірге, әртүрлі іс-әрекет түрлері (ойын, оқу, еңбек), педагогикалық техника (тіл, ым, қимыл т.б.), мұғалім мен оқушының қалыпты өмірлік іс-әрекетін жасауға көмектесетін құралдар жатады. Егер аталған жабдықтар белгілі бір деңгейде пайдаланылмаса, олардың маңызы еленбейді. Алайда осы жаңа жабдықтар әсері тәрбие әдістерін таңдауға негізгі ықпал жасайды.

8. Педагогикалық дәреже деңгейі. Сынып жетекшісі өзі білетін, жеке меңгерген әдістерді таңдайды. Көптеген әдістер қиын, әрі көп күш жұмсауды талап етеді: кейбір педагогтар бұл мәселені айналып өткісі келеді. Осыдан болатын кемшілік – тәрбиенің жетімсіздігі.

9. Тәрбие уақыты. Уақыт аз болып, мақсат ауқымды болған жағдайда "ықпалды әсер ету" әдісі қолданылады. Бұл әдіс әсіресе қысқа мерзімде қайта тәрбиелеу үшін қолданылады. Мектеп уақытының, тұлғаның тұрақты қасиеттерін қалыптастыруға жеткілікті болатынын мойын-дайтын біртұтас көзқарас жоқ. Кейбір педагогтар уақыттың жеткіліксіздігін алға тартып, ықпалды әсер ету әдістеріне бағытталғанды жөн көреді. Қалай болғанда да, уақыт факторы тәрбие әдістерін таңдауда және жобалауда маңызды рөл атқарады.

10. Күтілетін қорытындылар. Сынып жетекшісі әдістерді таңдай отырып, оның табысқа жеткізетініне сенімді болуы қажет. Бұл үшін ол қолданылған әдістердің қандай қорытындыға әкелетінін алдын-ала болжай білуі шарт.

Тәрбие әдістері қолданылуы мен ерекшелігіне қарай жіктелінеді.

Әдіс құру - тәрбиелеу міндетіне орайластырылған жауап болып есептеледі. Педагогикалық әдебиеттерде көптеген мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістерді табуға болады. Әдістер және олардың әртүрлі модельдерінің көптігі соншалық, керекті мақсатқа сай келер әдісті таңдауға сол әдістердің жіктелуі ғана көмектесе алады. Әдістердің жіктелуі –анықталған белгілерге қарай құрылған әдістер жүйесі. Жіктелудің өзі әдістердің қайсысының жалпы және жалқы екенін, нақты және кездейсоқ, теориялық немесе практикалық екенін білуге, сонымен бірге оларды дұрыс таңдауға, барынша ұтымды пайдалануға көмектеседі. Жіктелуге сүйене отырып, педагог тек әдістер жүйесін ғана танып қоймай, ол әртүрлі әдістер белгілерінің өзгерісін жақсы түсінеді. Кез келген әдістің ғылыми жіктелуі олардың жалпы негіздері мен белгілерін анықтаудан басталады. Тәрбие әдістері жүйесіне орай танылатын белгілер өте көп. Кез келген жалпы белгілерден жеке-дара жіктеме жасауға болады. Қазіргі педагогикада ондаған жіктеме белгілі, бірі тәжірибелік міндеттерді шешуге қажет болса, екіншісі теориялық міндеттерді қарастырады.

Көптеген әдістер жүйесінде жіктелудің логикалық негізі анық емес. Бұған тәжірибелік мәні бар жіктеулерге негіз ретінде әдістің бір емес, бірнеше маңызды және жалпы тұстарының болуы айқын дәлел.

Тәрбие тәсілдері өз ерекшеліктері бойынша былай жіктеледі: сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, оқушыларды мінез-құлыққа ынталандыру, түсіндірмелі-көрнекі, үйрету, үйлесімділікке келтіру, өзіндік тәрбие. Тәрбиелік әсер ету әдістерінің нәтижесі бойынша оларды екі топқа бөлуге болады:

1. Адамгершілік қасиеттерін құрайтын ықпалдар: түрткілер, қатынас, көзқарас қалыптастыратын түсініктер, жаңашыл көзқарастар, ой-пікірлер.

2. Қандай да бір көзқарас ұғымдарға сәйкес әдеттер орнықтырушы ықпалдар. Қазіргі кезде тәрбие әдістерінің тиімді жетілуі бір мақсатқа, мазмұнға негізделген тәрбие бағытын қолдайды. Осыған орай тәрбие әдісінің үш тобын бөлуге болады:

1. Тұлғаның ақыл-ойын қалыптастыру әдістері.

2. Іс-әрекеттерді ұйымдастыру және қоғамдық, құқықтық тәжірибе қалыптастыру әдістері.

3. Іс-әрекетке және мінез-құлыққа ынталандыру әдістері.

Осы әдістер негізінде бастауыш сынып оқушыларымен аталған жұмыс мазмұнын жүзеге асыру үшін ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру әдістерін төмендегідей саралап бөлдік:

1. Мұғалім, тәрбиеші, ата-ананың үлгісі.

2. Мінез-құлық ережелерін үйрету, соған сай балалардың іс-әрекеттерін ұйымдастыру.

3. Сендіру, түсіндіру.

4. Мадақтау, кінәлау, айыптау, жазалау.

5. Бағалау.

6. Көркем сөз бен ауыз әдебиеті жанрларын пайдалану

Адамгершілік тәрбиесінің әдістеріне қысқаша сипаттама береміз:

Үлгі ету – адамгершілік тәрбиесінің негізгі әдісі. Адамгершілікке тәрбиелеудің әдісі ретінде басқа әдістермен бірлікте елеулі рөл атқарады.

Түсіндіру әдісі балалардың тәртібіне қойылатын талаптарды, олардың қажеттігінің себебін, оның орындаудың жолдарын ұғындыру үшін қолданылады. Балаларға түсіндіру, үйрету, тікелей нұсқау беру түрінде өтеді.

Сендіру – баланың санасына, сезіміне, еркіне мақсат көздей отырып әсер ету арқылы жағымды әдеттерге, қасиеттерге баулиды.

Адамгершілікке тәрбиелеуде баланың іс-әрекетін мақұлдау немесе кінәлау әдістері де қолданылады. Мұнда педагогиканың «адамға барынша талап қою және оны барынша құрметтеу» сияқты жалпы қағидаларына сүйенеді.

Мақұлдау баланың жақсы іс істесек деген тілегін тудырады, бірақ бұл тілек күйінде ғана қалып қоймай, баланың іс-ірекетіне, мінез-құлық тәртібіне ауысуын қамтамасыз ету керек. Мақұлдаудың қарапайым түрі – іс-әрекет дұрыстығын қолдау.

Кінәлау – ықпалды әдіс, кінәлау әділ болмаса баланы ренжітіп жасытады. Бұл да мақұлдау сияқты дер кезінде қолданылмаса, бала да нашар мінез-қылықтың әдетке айналуына себеп болады, кінәлаудың түрлері – ескерту, сақтандыру, сөгу.

Ескерту баланың жасаған кемшілігін оңай жөндеуге болатын кезде қолданылады. Бірақ ол жиі қолданылса, тәрбиелік ықпал күшін жояды, себебі бала оған үйреніп кетеді.

Көркем сөз бен ауыз әдебиеті жанрларын пайдалану. Бастауыш сынып оқушыларының психологиялық ерекшеліктеріне байланысты адамгершілік тәрбие беруде көркем сөз бен ауыз әдебиеті жанрларының маңызы зор. Балаларға жаман мен жақсы, өтірік пен шындық, адалдық, адамдық, қайырымдылық, достық, жолдастық жөнінде құр сөзбен айтқанша тәрбие жұмысы барысында мақал-мәтелдер, жаңылтпаштар, мазақтама өлеңдер, әңгімелер мен ертегілерді пайдалану нәтижелі болады. Егер, балалар мұғалімнің құрғақ сөзінен тез жалығатын болса, көркем сөз бен ауыз әдебиеті жанрлары оларды қызықтырады.

Сөгу – кінәлаудың күшті түрі, бастауыш сынып оқушыларымен өткізілетін жұмыстарда қолданылады. Сөгу, өтірік айту, сұғанақтық, дөрекілік көрсету, тәртіп ережелерін орындаудан бас тарту кезінде қолданылады, кейде сөгу әңгімемен жалғасады, онда тәрбиелік әсері күшті болады. Аталып отырған әдістерді ойын арқылы адамгершілік тәрбие беруде қолдану тәжірибесіне тоқталайық. Балалармен өткізілген «Қу түлкі» ойынын мысалға келтірейік. Бұл ойынды өткізу барысында мұғалім негізінен түсіндіру әдісін қолданады. Кейде топта өзінің күшіне, мүмкіндігіне сенімсіз балалар кездеседі. Бұндай жағдайда тәрбиеші сендіру әдісін қолданады.

«Қу түлкі» ойынының **мазмұны**. Балалар бір-біріне иықтарын тақап, шеңбер жасап тұрады. Беттері шеңбердің ішіне қарап тұруы керек. Жүргізуші шеңбердің сыртын айнала жүріп, басқаларына білдірмей, бір баланы түртіп кетеді. Жүргізуші: «Біздің арамызда қу түлкі бар сияқты. Ол қайда екен?» - дейді. Балалардың барлығы: «Қу түлкі қайдасың?» - деп үш рет айтады. Сол кезде жүргізуші түрткен бала: «Мен мұндамын» - деп, секіріп шеңбердің ортасына шығады. Қалған балалар жан-жаққа қаша жөнеледі. Түлкі қуып жетіп ұстаған бала жүргізуші болады. (Ойын 3-4 рет қайталанады.) Бұл ойынды өткізе отырып, балалар бойында шыншылдық, шапшаңдық, қайырымдылық сияқты қасиеттерді тәрбиелеуге болады. Бастауыш сынып оқушыларын жақсы мен жаманды ажырата білуге үйретудің маңызы зор. Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, ата-анаға мейірімді, туған жерге, айналадағы заттарға ұқыпты қарауға, мектеп мүліктерін сындырмауға үйрету және имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында өткізілген тәрбие сағатынан мысал келтірейік.

Тәрбие сағатының тақырыбы: Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

Тәрбие сағатының мақсаты: 1. Балаларды жаман әдеттен аулақ болуға, үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға үйрету.

2. Ата-анаға мейірімді, туған жерге, айналадағы заттарға ұқыпты қарауға, мектеп мүліктерін сындырмауға баулу.

3. Балаларды имандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Өнегелі сөздер, мақал-мәтел, бүктемелер, альбом, көрініс-ұршық, жіп, кітап, қабырға газеті.

Техникалық құрал, бейнетаспа.

Ана тілі және дүниетану сабақтарымен байланыстыра өткіземін. Тәрбие жұмысы 8 бөлімнен тұрады.

1 бөлім. Әдеби музыкалық монтаж. Не деу керек?

2 бөлім. Мақал-мәтелдер.

3 бөлім Сұрақ-жауап. Ізгілік, әдептілік адамгершілік жөнінде.

4 бөлім. Көрініс «Жақсылардың жақсысы».

5 бөлім. Қазақтың ырымдары. Аулақ бол жаман әдеттен.

6 бөлім. Тәрбие әлеміне саяхат.

1. Сіз қонақтасыз.

2. Телефонмен сөйлесу мәнері.

3. Көшеде кездескенде.

4. Қалалық көлікте жүру тәртібі.

7 бөлім. Концерттік жоспар.

8 бөлім. Ақ баталар.

1. Кіріспе сөз.

Құрметті ұстаздар, балалар және ата-аналар. Сіздерді бүгінгі болатын «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты тәрбие сағатымызды ашуға рұқсат етіңіздер.

2. Сынып жетекшісінің сөзі.

Қазақ тілі-өз тілім, ана тілім

Абай, Мұхтар сөйлеген дана тілім,

Қастерлейді ұл-қызың, мәңгі сені.
Болашаққа бастаған дана тілім.

3. Әдеби монтаж. Не деу керек?

Апаң сенің базардан,
Ең үлкенін, жақсысын,
Саған тандап әперді.
Не деп барып жеу керек?

-Рахмет апа деу керек.

Балалар жүр көшеде,
Естіледі шу-айқай
Сенде шықтың көршінді,
Қағып кеттің байқамай.
Мұндайда не деу керек?

«Кешіріңіз!» дей керек.

Осы келген бетінде
Допты қудың жарыстың

Көшенің сол шетінде

Кезекті бір танысың

Ұмыттың сен не деуді?

«Сәлеметсің бе» деу керек.

Үй артында қоқысты

Жатқан көптен үйіліп,

Тазалайды қарт кісі

Белі зорға иіліп

Не дегенің жөн еді?

Барлығы:

«Көмектесейін»-деу керек.

Хор.

Оқулықты мектебің,
Берер саған теп-тегін,
Білмейсің-ау сен бірақ,
Қаншама еңбек кеткенін.

Оқулықты құрметте,

Күтіп ұста, кірлетпе.

Кішілерге табыс ет,

Дақ түсірмей бір бетке.

Ортаға екі бала шығады, біреуі салақ, біреуі жақсы.

Сынып жетекшісі: Күнделікті өмірде кездеметін қандай заттарға ұқыпты қарауымыз керек.

Азамат. Оқу құралдарына, киімдерімізге, балабақша мүліктеріне, ойыншықтарға, ас атасына ұқыптылықпен қарауымыз керек.

II Мақал-мәтелдер.

1) Сыйламаған жолдасын,

Сыйлай да алмас өз басын.

- 2) Өнерлі бала-сүйкімді,
Жақсы бала сүйікті.
- 3) Ақылды аңдап сөйлер,
Әр сөзін таңдап сөйлер.
- 4) Өнерлі адам өрге озар,
Өнерсіз адам жер сілғар.
- 5) Біліп тұрсаң да сұрап ал.
- 6) Көп біл, аз сөйле.

Сынып жетекшісі: Тәрбие сағатымыздың тақырыбы- «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» деген мақалға қалай жауап берер едіңдер?

Балалар: Аулақ жүріп жаман қылық әдеттен. Үйренеміз жақсы мінез әдеппен!

3 бөлім. Ізгілік, әдептілік, адамгершілік жөніндегі сұрақ-жауап.

Сынып жетекшісі: Сыйлап үлкен ағаны

Сәлем берген баланы

Кім дейміз?

Барлығы: Әдепті екен бұл дейміз!

Сынып жетекшісі: Кітап, дәптер, қаламы

Кір шалмаған баланы

Кім дейміз?

Бәрі: Ұқыпты екен бұл дейміз!

Сынып жетекшісі: Таудай биік талабы

Жақсы оқитын баланы

Кім дейміз?

Бәрі: Үлгілі екен бұл дейміз!

4 бөлім. Көрініс. «Жақсылардың жақсысы».

5 бөлім. Қазақтың ырымдары. «Аулақ бол жаман әдеттен».

1. Бүйіріңді таянба!
2. Жалғыз ағашты кеспе.
3. Үйді айналып жүгірме.
4. Отты шашпа.
5. Күлді баспа.
6. Үлкеннің алдын кеспе.

6 бөлім. «Тәрбие әлеміне саяхат».

1. Сіз қонақтасыз.
2. Телефонмен сөйлесу мәнері. Телефонмен қалай сөйлесу керектігі жайлы айтылады.

3. Көшеде кездескенде.

4. Қалалық көлікте жүру тәртібі.

7 бөлім. Концерттік.

8 бөлім. Ақ баталар.

Баталар екі жасқа, дастарқанға, асқа, шілдеханаға айтылады.

Әумин! Десең маған

Құдай берсен саған!

Оң жағыңа қарасаң

Алтыннан терең орнасан
Сол жағына қарасаң
Күмістен терең орнасан
Еш жамандық бермесін
Әумин!

Адамның жаласынан
Бұлттың аласынан
Көрінер-көрінбес
Мың да бір бәлесінен
Патша құдайым өзі сақтасын.
Әумин!

Астарың көп болсын!
Тамақтарың тоқ болсын!
Уайымдарың жоқ болсын!
Бәрімізге дарысын Қыдыр ата,
Қыдыр қияласын,
Періште ұяласын,
Осы отырған бәрімізге
Бармақтай бақ берсін.
Әумин!

-Құрметті ұстаздар мен балалар! Осымен сіздерге арналған «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» атты тәрбие жұмысымызды аяқтаймыз!

Хор: «Менің Қазақстаным» әні.

Тәрбиенің жүйелілігі, кешенділігі, бірізділігі, үздіксіздігі «тәрбие ісі» деген түсінік береді. Бұны соңғы кезде теоретиктер мен практиктер көп қолданып жүр. Тәрбие ісі - тәрбиеленушілердің нақты іс-әрекетін ұйымдастыру мен дамытудың бір түрі (формасы). Тәрбие ісі ең басты ерекшеліктері - қажеттілігі, пайдалылығы, міндетті орындалатындығы.

Тәрбие процесі үздіксіз жалғасты тәрбие ісінен тұрады. Тәрбие ісі ұжымдық және шығармашылық сипатта болатындықтан және ұжымдық тәрбие істері немесе ұжымдық шығармашылық істер деп аталады. Тәрбие ісінде тәрбиеші мен оқушылардың өзара әрекеттерінің формасы, құралы және тәсілдері үйлесіп келеді. Тәрбие ісі өз құрамында адамгершілік, эстетикалық, саяси, ақыл-ой әсерлерін топтастырады. Іс-әрекеттік тұрғыдан тәрбие ісі тәрбие бағытын көрсетсе, комплексті қолдаудан тәрбие сипаты мен мазмұнын анықтайды. Бастауыш сынып оқушыларына жақсылық пен жамандық туралы түсінік беру мақсатында әр түрлі іс-әрекеттер ұйымдастырылды. Соның бірі бастауыш сынып оқушыларымен өткізілген «**Жақсы болсаң жақын көп**» атты тәрбие сағатының үлгі-жоспарын мысалға келтірейік.

Тәрбие сағатының тақырыбы: «**Жақсы болсаң жақын көп**».

Мақсаты: балалардың жақсылық пен жамандық туралы түсініктерін кеңейту. Білімдерін өмірмен байланыстыра отырып жеке тәжірибелерінде тиімді пайдалана білуге үйрету, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру,

жақсы мен жаманды ажырата білу дағдыларын жетілдіру, есте сақтау қабілеттерін, адамгершілік қасиет пен сапаны, сезімді тәрбиелеу.

Барысы: сынып жетекшісі балалардан жақсылық пен жамандық туралы пікір алысып әңгімелескен соң «Қасқыр мен түлкі» ертегісін оқиды. Ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Осы тақырыпқа байланысты білетін мақал-мәтелдерін айтқызады.

Ринат: Жақсының аты өлмейді.

Айгүл: Жаманнан жарты қасық ас қалады.

Жеміс: Жаман өз үйіне өзі қонақ.

Ысқақ: Жақсы – көпке зейнет,

Жаман – көпке бейнет.

Қайрат: Жақсы қыз – жағадағы құндыз,

Жақсы бала – аспандағы жұлдыз.

Сынып жетекшісі балалардан өмірде кездескен оқиғалар болса айтып беруін сұрайды.

Нұрсұлтан (7 жас 4 ай):

Біздің көршіміздің Асылбек деген баласы бар. Апасы жұмыстан келгенде кәмпит әкелмедің деп жылайды. Оның істегені дұрыс емес.

Ләйла (7 жас 7 ай):

Мен кеше далада үсті басы кір-кір болып ойнап жүрген баланы көрдім. Ондай баланы ұқыпсыз, жаман бала дейді.

Бейсен (7 жас 4 ай):

Менің Әбілхайыр деген досым итті тепті. Олай істеуге болмайды, апам итті тебуге болмайды, жаман болады дейді.

Асыл (7 жас 5 ай):

Кеше таңертеңгі ас ішіп отырғанда Жоламан нанын жемей қалтасына салып алды, далаға шыққанда ағаштың астына лақтырып жіберді. Менің атам нанды лақтыруға, шашуға болмайды, обал болады дейді. Жоламанның нанды лақтырғаны дұрыс емес.

Сынып жетекшісі балалардың жауаптарын қорытындылап, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтар қояды. Тәрбие жұмысы «Қасқыр мен түлкі» ойынымен аяқталады. Жаңа білім беру барысында қолданылатын әдістің бірі-дидактикалық ойындарды пайдалану. «Қай ертегіден келді?» дидактикалық ойынын мысалға келтірейік.

Ойынның ережесі. Ақ лақ балаларға әр түрлі ертегінің мазмұны бейнеленген суреттерді үлестіреді. Атын атаған бала қолындағы сурет бойынша ертегінің атын, қысқаша мазмұнын айту керек. Айта алмаған бала айыбына мақал, жұмбақ немесе тақпақ айтады.

Бұндай тәрбие жұмысында әңгімелесу немесе пікір алысу әдістері де қолданылады. Ол алдын-ала дайындалған сұрақтар бойынша жүргізіледі. Дайын сұрақтардың көмегімен балалар не білетіндерін анықтайды. Жауаптарын түзетеді, жаңа мағлұматтар береді, танымдық процестері мен адамгершілік қасиеттері мен сапаларын және көзқарасын дамытады.

Балаларға адамгершілік тәрбие беруде тиімді әдістің бірі бақылау әдісі. Бақылау – адамның табиғаттағы, қоршаған ортадағы құбылыстарды табиғи

жағдайда жоспарлы, мақсатты, ұзақ және қысқа мерзімді уақытта қабылдауы. Негізгі мақсаты – ойын мазмұнында кездесетін жан-жануарлардың тіршілігін, табиғи құбылыстарды өмірдегі шынайы құбылыстармен салыстырып, өзіндік тұжырым жасай білуін, бақылампаздығын дамыту. Мысалы: «Қотыр торғай» ертегісін тыңдағаннан кейін серуен кезінде торғайларды бақылауға болады. Мақсаты: тәрбие жұмысы барысында алған білімдерін өмірде қолдана білуге, шынайы құбылысты ертегі мазмұнымен салыстырып, тұжырым жасай білуге үйрету, қоршаған құбылысқа адамгершілік көзқарасын тәрбиелеу.

Сынып жетекшісі: балалар, жұмбақ шешкілерің келе ме? Онда мұқият тыңдай қойыңдар: «Кішкене домалақ қоңыр доп, секектеп кешке дейін тыным таппайды».

Балалар: торғай, - дейді.

Сынып жетекшісі: дұрыс айтасыңдар. Біз бүгін не туралы ертегі оқыдық.

Балалар: «Қотыр торғай».

Сынып жетекшісі: дұрыс. Ал, енді ана ағашқа қарандаршы не отыр? - деп түрі, түсін, пішінін, немен қоректенетінін, қалай ұшатынын сұрайды. Жем шоқығанын, су ішкенін бақылайды. Соңында «Жерден биік» қимылды ойынын ойнайды.

Адамгершілік тәрбие әдістері іс-әрекеттердің ұйымдастырылу түрлеріне қарай өзгеріп отырады. Мәселен: мұғалім сыныпта немесе көпшілік орындарында тәртіп бұзған балаларға түсіндіру әдісін қолданса, үлкендерді силауға және кішілерге қамқор болуға үйрету үшін жеке басының үлгісі әдісін қолданады. Жоғарыда аталған әдістермен қоса, кейінгі кезде педагогикалық ғылым мен тәжірибе балаларды адамгершілік сапалардың, қарым-қатынастардың, ой қорытындылаудың, бағалаудың практикалық іс-әрекеттердің қалыптасуына көмектесетін тиімді үш әдісін анықтады. Олар:

- адамгершілік тәрбиелілігін жетілдіруге, қарым-қатынас барысындағы адамдардың іс-әрекеттерін бағалауға, адамгершілік сапаларды дамытуға бағытталған сендіру әдісі;

- әр түрлі іс-әрекет барысында моральдық сезімдері мен адамгершілік көзқарастарын дамытуға арналған әдістер;

- мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыруға арналған практикалық іс-әрекеттерге үйрету, жаттықтыру әдісі.

Сендіру әдістерінің ерекшелігі оны қабылдайтын іс-әрекеттердің, ережелердің қоғамдық талапқа сай болған жағдайда ғана пайдалану керек екендігінде. Ал, балалардың адамгершілік тәрбиелілігі бастауыш мектептегі тәрбиелеу және білім беру үрдісінің талапқа сай жүргізілуі барысында жетілдіріледі. Бұл әдісті көрнекілік, сондай-ақ ауызша әдіс деп те санауға болады, себебі бақылаудың қай түрі болмасын баланың сезіміне әсер ететін тәрбиешінің түсіндіруімен ұштасып отырады. Сынып жетекшісі жарқын да әсерлі жағдайларды таңдап алып, оны түсіндіру барысында нақты, мәнерлі сөйлеп, балалардың назарын жағымды көріністерге аударады, ненің жақсы ненің жаман екенін ажырата білуге үйретеді.

Үйрету және жаттықтыру әдісі баланы көре, тыңдай, бағалай білуге тәрбиелеумен ерекшелене отырып, балалардың кез-келген іс-әрекеттерін ұйымдастыруда кездесетін түрлі жағдайларда қолданылады. Бала меңгерген дағдының жетіле түсуіне көмектеседі. Үйрету және жаттықтыру әдісін ауыз әдебиеті және көркем шығармаларды пайдалану әдістерімен кешенді пайдаланғанда тәрбие үрдісінде тиімді нәтижеге жетуге болады. Мысалы, берілген тақырып бойынша ертегі құрастыру дағдыларын қалыптастыруға өткізілген сабақтан мысал келтірейік.

«Мейірімді қыз» атты ертегіні балалар төмендегідей аяқтады.

Сынып жетекшісі: балалар, бүгін біз сендермен кішкене ертекшілер боламыз. Ертегіміздің аты «Мейірімді қыз». Ертегіні мен бастаймын, сендер аяқтайсыңдар.

- Ерте, ерте, ертеде, ай десе аузы, күн десе көзі бар Күнсұлу деген мейірімді қыз болыпты. Күнсұлудың әкесі мен шешесі өте кедей болыпты. Күндерін аң аулап, құс атып тапқандарымен тамақтарын асырапты. Бір күні Күнсұлудың әкесі қатты ауырып, ешқайда шығуға жарамай жатып қалыпты.

Сынып жетекшісі оқушыларға ары қарай ертегіні аяқтауды тапсырады.

Балалардың жауабы:

Амантай (7 жас 7 ай)

- Енді аң аулауға Күнсұлудың өзі шығады. Көп жүріп, ақырында бір қоянды атып алады. Қоянды алып үйіне келе жатса, алдынан бір қарт адам шығып, неше күннен бері аш екенін айтып қоянын сұрайды. Мен тағы ұстап алармын, бұл үлкен кісі қой деп, атайды аяп қоянын беріп кетеді. Риза болған қарт қызға «піс қазанын» силайды. Қазан сиқырлы еді, оған тек «піс қазан» деп айтсаң болды, қалаған тамағыңды пісіріп алдыңа береді. Міне, осы күннен бастап Күнсұлу, әкесі, шешесі үшеуі қарындары тоқ, қайғылары жоқ, бақытты өмір сүріпті.

Анар (7 жас 3 ай)

- Күнсұлу, әкесіне емдік шөп іздеп орманға келе жатса, қақпанға түсіп қалған аюды көреді. Қызды көріп, мені қақпаннан босат деп аю жалынады. Жаны ашып кеткен Күнсұлу аюды қақпаннан босатып, жарасын мойнындағы орамалмен таңып береді. Сонда аю: «Сен өте мейірімді қыз екенсің, мен саған осы мейірімділігің үшін мына атбасындай алтынды беремін және үш тілегіңді орындаймын», - дейді. Күнсұлу қуанып кетіп: «Мен әкемнің жазылып кеткенін тілеймін, басқа тілегім жоқ», - дейді аюға. Аю: «қайғырма, сен өте әдемісің, қайғы-мұң сенің сұлулығыңа жараспайды, үйіңе бара бер, әкең жазылып кетеді», - дейді. Күнсұлу аюға көп алғысын айтып алтынын алып үйіне келеді. Сөйтіп бұлар ұзақ, бақытты өмір сүреді.

Бұл тәрбие жұмысын тақырыпқа сай мақал-мәтелдерді айтып, талдаумен аяқтауға болады. Мысалы: «Жақсының аты өлмейді», «Жаманға олжа түссе, бөлісе алмай көпке түседі».

Сынып жетекшісі мақалдарды айтып, түсіндіреді, шығарма мазмұнынан, балалардың ойлаған ертегілерінен мысалдар келтіреді.

Тәрбие үрдісі үзіліссіз жүретін ұзақ үрдіс. Бастауыш сынып оқушыларының моральдық сезімін, адамгершілік көзқарасын, қалыптастыруда ойын

таптырмайтын құрал екені сөзсіз. Балаларды кішкене кезінен бастап ойын түрлерімен таныстырып, оның мән-мағынасын, түпкі ойын түсіндіре отырып, ойындардың мазмұнын түсініп қабылдауға, күнделікті іс-әрекеттері барысында білім мазмұнын қызығушылықпен пайдалануға үйрету адамгершілік тәрбиесінің негізі болмақ.

Бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға ретінде дамып, оның адамгершілік тәрбиелілігі, көзқарасы жетілуінде дамуында ата-аналардың алатын орны ерекше. Халық ата-аналардың бала тәрбиесіндегі ролін жоғары бағалай келе «ұяда не көрсе, ұшқанда соны алады» деп бір-ақ ауыз сөзбен түйіндеген. Бастауыш сынып оқушыларының «еліктегіштігін» ескере отырып, ата-аналардың адамгершілік тәрбиесі және балалардың ойын туралы білімдері мен түсінік деңгейін де анықтауды жөн көрдік. Соған байланысты ата-аналарға төмендегідей сауалнама сұрақтары берілді.

Ата-аналарға арналған сауалнама

Қатысқан адам саны: 60

Білімдері: а) жоғары – 26
б) орта арнаулы - 20
в) орта (жалпы) – 8
г) студенттер – 6

1) Үйіңізде бала тәрбиесімен ата-әжесі мен әке-шешесінің қайсысы айналысады?

2) Адамгершілік тәрбиесі дегенді қалай түсінесіз?

3) Балаға адамгершілік тәрбие беруде қандай педагогтардың еңбектерін пайдаланасыз?

4) Балаңыздың бос уақыты мен демалыс күндерінде кино, театр, мұражайға барасыз ба, әлде бірге еңбек еткенді ұнатасыз ба?

5) Балаңыздың тәрбиесіне тікелей қатысты балабақша ұжымымен таныстығыңыз қандай деңгейде?

6) Балаңыздың жеке басының тазалығына, талғамына адамгершілік тұрғыдан баға бересіз бе?

7) Балабақшаның, топ бөлмесінің безендірілуі балалардың жасына сай ма?

8) Балаңыз сурет салу, ән айту, ойын ойнаудың қайсысын ұнатады?

9) Балаңыздың өлі және тірі табиғат пен қоршаған ортадағы әсемдікке қызығушылығы қандай?

10) Ойын түрлерімен адамгершілік тәрбиесі жүйесі туралы білімдерін күнделікті өмірде қолдана ала ма?

Сауалнаманың пайыздық көрсеткішін 2-кестеден көруге болады. Берілген сұрақтар бойынша ата-аналардың берген жауаптарының қорытындысы: ата-аналардың жауабына қарағанда басым көпшілігі жеке тұрады. Кейбір жанұяда (80%) бала тәрбиесін аналарына жүктеген. Көптеген ата-аналар педагогтарды олардың еңбектерін, қандай арнаулы баспа түрлері бар екенін білмейді, біразы өмір тәжірибесін пайдаланса, енді біреулері мектеп пен балабақша тәрбиелейді деген ұғымды мықты ұстаған. Ата-аналардың басым көпшілігі балалардың бос уақытын тиімді пайдаланып, театр, кино, мұражайға апаратыны, үйінде немесе

бақшада еңбектенетіні анықталды. Дегенмен, балаларының бос уақытын ұйымдастыруға қолы тимейтін ата-аналардың бар екендігіне көзіміз жетті. Біраз ата-аналарды тек тәрбиеші мен меңгеруші ғана емес, балабақша ұжымының жұмысы қызықтырады, әйтсе де, өз тобының тәрбиешілерін де танымайтын ата-аналар да бар. Сауалнама қорытындысы бойынша тағы бір анықталған жағдай – балабақшалардың басым көпшілігінде адамгершілік тәрбиесіне байланысты сурет және басқа да құралдардың жоқтығы. Ойынды балалардың барлығы дерлік ұнатады.

**2 кесте - Ата-аналармен өткізілген сауалнама қорытындысы
(% есебімен)**

Р/с	Сыныптар	Жалпы жауап %	Дұрыс жауап %	Дұрыс емес жауап %
1.	1 а сыныбы	20,8	11,8	9
2.	1 г сыныбы	11,8	4	7,8

Кестеде берілген көрсеткіштердің қорытындысы: жалпы жауап – 32,6%, дұрыс жауап – 15,8%, дұрыс емес жауап – 16,8%. Бұдан ата-аналар арасында педагогикалық білімнің өз дәрежесінде таратылмайтындығын көруге болады.

Сауалнама қорытындысы бойынша, көптеген ата-аналармен жеке әңгімелесу, пікір алысу жұмыстары жүргізілді. Бұл жұмыстарды қорытындылай келе, «Бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие берудің құралы – ойын» деген тақырыптарда семинар-кеңес өткіздік.

Ата-бабаларымыз ойын арқылы жас жеткіншектердің адамгершілік қасиеттерін, рухани байлығы мен мәдениетін дамытып отырды. Ал мұғалімдер, бұларды балалардың түрлі іс-әрекетіне, мінез-құлқына байланысты тәрбие құралы ретінде пайдаланады. Ойын балалар өмірінің табиғи серігі, олардың негізгі іс-әрекеті. Бала қоршаған ортадағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты, мәдениеттілікті, тіпті айналадағының бәрін ойын арқылы қабылдайды. Енді біздің бағдарламамыз бойынша дидактикалық ойындарды ұйымдастырудың әдістемесіне тоқталайық. Мысалы: «Кім не істейді?» деген дидактикалық ойынды ұйымдастыру әдістемесі.

Сынып жетекшісі балаларға әр түрлі мамандықтар бейнеленген кішкене суреттерді үлестіріп береді де, «балалар, қазір мен кімнің атын атасам сол бала тұрып, қолындағы суретте бейнеленген мамандық туралы әңгімелеп береді, бірақ, мамандықтың атын атамайды. Қалған балалар қандай мамандық екенін табулары керек. Таба алмаған бала сол мамандық туралы тақпақ, жұмбақ, мақал-мәтел айтады», - дейді.

Анар (7жас 2 ай):

- Менің қолымда бейнеленген мамандық иесі балаларды да үлкендерді де емдейді. Тәтті витаминдер береді. Денсаулығыңды сақтау үшін кеңестер береді. Үнемі ақ халатпен жүреді.

Балалар жауабын «дәрігер» деп дұрыс шешті.

Жәңгір (7 жас 5 ай):

- Менің қолымдағы суретте қолында құм салатын қалағы бар адам бейнеленген. Бұл мамандық иелері адамдарға үй салады, сол сияқты мектеп, балабақша, дүкен салады. Олар үлкен машиналарда, жүк көтергіш кранда, тракторларда жұмыс жасай алады (құрылысшы).

Жомарт (7 жас 4 ай):

- Менің қолымдағы суретте гүлдер мен шөптер жайқалып өсіп тұр. Қолында таяғы бар кісі атқа мініп, итін ертіп қойдың артынан бара жатыр. Ол малмен бірге жазда жайлауға, қыста қыстауға, күзде күздеуге, көктемде көктеуге көшеді (қойшы).

Жазира (7 жас 4 ай):

- Менің қолымдағы суретте балалармен жұмыс жасайды. Оларды оқытады, өзін мектепте, далада, көшеде қалай ұстау керек екені жөнінде үйретеді.

Сынып жетекшісі: жарайсындар, балалар. Сендер мамандықтарды жақсы білетіндеріңді көрсеттіңдер. Ойын соңында сынып жетекшісі әр мамандық жөнінде атауларды балалармен бірге қайталайды. Бұндай дидактикалық ойындар қоршаған орта жайында білім беріп, адамгершілік сезімін, мәдениетін, талғамын дамытса, қимылды ойындарда балалардың денесінің, қимыл-қозғалысының сұлулығы қалыптасады. Ойын ережесі бойынша айтылатын сөздер мен орындалатын қимылдар балалардың қуаныш сезімі мен эмоциясын тудырады. Ал ойынға пайдаланатын құралдың ашық-жарқындығы, жақсы мен жаманды ажырата білуге тәрбиелейді. Мысалы: «Аю мен бал арасы» деген ертегінің мазмұнымен таныстырғаннан кейін «Ормандағы аю» қимылды ойынын ойнауға болады.

Мақсаты: ойын ережесіне сай әрекет жасауға үйрету, ойындағы кейіпкерлердің ролін санамақ арқылы әділетті бөле білуге дағдыландыру, сөйлеу, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру, ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалыс әсемдігін дамыту, жағымды эмоция тудырып, адамгершілік сезімін тәрбиелеу.

Құрал: аюдың бетпердесі (маскасы), қоржын.

Сынып жетекшісі балаларды қасына жинайды. Осы кезде есік қағылады.

Сынып жетекшісі: балалар, біреу есік қағып тұрған сияқты, мен барып көріп келейін.

Сынып жетекшісі барып есік ашады да: ой, балалар, бұл Жұмбақбай атай қой, бізге қонаққа келіпті. Сәләматсыз ба, атай, қош келдіңіз.

Жұмбақбай атай: сәләматсындар ма, балалар. Мен сендерге сыйлық әкелдім.

Сынып жетекшісі: ол қандай сыйлық екен. Балалар, қараңдаршы, қоржыны қандай әдемі (қоржынның түр-түсін, пішінін, оюларын балалармен қарап, сұрақ қоя отырып әңгімелейді). Атай, сыйлығыңызды көрсетіңізші, көргіміз келіп тұр.

Жұмбақбай атай: жоқ, мен қазір сыйлығымды көрсетпеймін. Алдымен жұмбақ жасырамын. Егер жауабын тапсаңдар, онда сыйлығымды беремін, - дейді де жұмбағын айтады:

Қыста ұйықтайды,
Жазда жидек тереді, ол не?

Балалар: бұл – аю, - дейді.

Жұмбақбай атай: жарайсыңдар, балалар, жұмбақтың жауабын дұрыс таптыңдар, енді сыйлығымды берейін, - деп қоржынынан аюдың бетпердесін (маскасын) шығарады.

Сынып жетекшісі: ой, рахмет, атай. Бізге осы бетперде (маска) керек болып тұр еді. Қазір біз «Ормандағы аю» ойынын ойнаймыз. Сіз мына жерге отырып балалардың ойынын тамашалаңыз, - дейді.

Сынып жетекшісі балаларға «Ормандағы аю» ойынының ережесін түсіндіреді. Аюдың роліне санамақ арқылы бір баланы белгілейді.

Санамақ: Бірім – бір,
Екім – екі,
Үшім – үштік,
Сен – кір, сен – шық. (Аю – Самат болды).

Ойынды үш рет қайталап ойнағаннан кейін Жұмбақбай атай:

- Рахмет, балалар, сендердің ойындарыңды көріп бір жасап қалдым. Барлығың өте епті, шапшаң екенсіңдер, қимылдарың да әдемі, шынында да жидек теріп жүрген балалардың қимылын жасадыңдар. Ал енді, балалар, менің басқа балаларға да апаратын сыйлығым бар. Соларға барайын, қош-сау болыңдар, - деп қоштасады.

Балалар: хош болыңыз атай, - дейді.

Сынып жетекшісі: сау болыңыз атай, біз сізді шығарып салайық деп, балалармен бірге есікке дейін шығарып салады.

«Ормандағы аю» ойынының ережесі. Аю болған бала өзінің «үйінде» (орындықта, құрсаудың ішінде т.б.) ұйықтап жатады, қалған балалар алаңның екінші жағына шығады.

Аю жүрген орманға,
Жидек тере барғанда.
Аю отыр гүрілдеп,
Жарамайды мұның деп, -

деген сөздерді айтып, жерден жидек теріп, етектеріне салған сияқты қимыл жасап аюдың қасына жақындайды. Соңғы сөзін айтқанда аю оянып кетіп балаларды қуады. Ұсталып қалған бала аю болады. Ойын осылай 3-4 рет қайталанады (34-35).

Бастауыш сынып оқушыларының сезімдері өте нәзік, әсершіл келеді. Әсіресе, жас сәбиге айтқан, көрсеткен нәрсенің бәрі шындықты бейнелейтін үйлесімді болуы шарт. Сонда ғана бала балғын талдан биік бәйтерекке айналады, өйткені тәрбие – қалып (форма). Егер қалып қисық, олпы-солпы болса, сол қалыпқа салған заты да соған сай болады. Сондықтан тәрбиеде ұсақ, мағынасыз бөлшек жоқ.

2.2 Тәжірибелік-эксперимент жұмыстың нәтижесін шығару, ұсыныстар беру

Біздің тәжірибелік-эксперимент жұмысымыз Ақтау қаласының орта мектептерінің бастауыш сыныптарында жүргізілді. Зерттеу жұмысымыздың міндеттеріне сай төмендегідей мәселелерді шешу көзделді:

1) Орта мектептердегі бастауыш сынып оқушыларына «тәрбиелеу және білім беру бағдарламалары» мен оның мазмұнына сай әдістемелік құралдардың ойын арқылы адамгершілік тәрбие берудегі қазіргі жағдайы мен мүмкіндігін ашу;

2) Бастауыш сынып оқушыларымен жұмыс жасайтын сынып жетекшілерінің оларға адамгершілік тәрбие беру мақсатында қолданып жүрген ойын түрлерімен, осы бағытта жүргізілетін жұмыстардың жай-күйімен танысу;

3) Бастауыш сынып оқушыларының ойын түрлері және адамгершілік тәрбиесі туралы білімдерінің деңгейі мен көрсеткіштерін зерттеп білу;

4) Бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие берудегі балабақша ұжымы мен отбасы арасындағы сабақтастықты анықтау.

Осы мәселелерді шешуде тәжірибе жүзінде шығармаларды оқу, баяндау, картина, сурет қолдана отырып әңгімелесу, тақырыпқа сай мақал-мәтел, жұмбақ қолдану, оны жаттату, ойын әдісі (кейіптендіру, қимылды, мазмұнды-бейнелі, дидактикалық ойындар), бақылау, әңгіме, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сауалнама, педагогикалық жағдай ұйымдастыру сияқты зерттеу әдістері қолданылып, оқу-әдістемелік құралдар мен мемлекеттік стандарттың барлық тарауларына талдау жасалынды, оның жетістіктері және кемшіліктері жан-жақты талданды.

Тәжірибелік-эксперимент жұмысы үш кезеңде жүргізіліп оған 58 оқушы қатысты.

Эксперимент барысында ойынды әр түрлі іс-әрекеттерде (ойын, еңбек, сабақ, сыныптан тыс жұмыстар) бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік сезімін, санасын, қасиетін қалыптастыру мақсатында пайдалану жайы қарастырылып, олардың адамгершілік тәрбиесі жөніндегі білімі, түсінігі, сенімі тексерілді. Белгіленген деңгейлер негізінде сауалнамалар даярланып балалардың, ата-аналардың, сынып жетекшілері мен мұғалімдердің адамгершілік тәрбиесі жөніндегі білімдері және сол білімдерін күнделікті іс-әрекеттерінде, жеке тәжірибесінде пайдалана алу дағдылары мен қабілеттері анықталды.

Анықтау эксперименті кезіндегі бақылаулар, оқушылармен және мұғалімдермен пікір алысу, ата-аналармен әңгімелесу – бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беруде жетіспей жатқан олқылықтарды байқауға мүмкіндік берді. Анықтау эксперименті кезінде балалардың адамгершілік тәрбиесі туралы білім деңгейін анықтау үшін қойылған сұрақтарға толық жауап бергендер 28,9, жартылай жауап бергендер 30,8, қате жауап бергендер 37,9. Анықтау экспериментінің нәтижесі 3-кестеде беріліп отыр.

3 кесте - Анықтау экспериментінің нәтижесі

1.	1а сыныбы	25	29,7	34,3	36	28,4	32,9	38,7
2.	1г сыныбы	22	27,2	33,9	38,9	25,7	31,6	42,7

Анықтау экспериментінің қорытындысы бойынша қалыптастыру эксперименті жоспарланып, бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбиесі адамды жан-жақты дамыту тәрбиесінің басқа салаларымен: ақыл-ой, эстетикалық, еңбек, дене, экологиялық тәрбиелерімен кешенді жүргізіліп, балалардың адамгершілік тәрбие жүйесінің дамуына зор ықпалын тигізді. Жоспарлы, жүйелі ұйымдастырылған жұмыс нәтижесінде қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңінің соңында бастауыш сынып оқушыларының адамгершілік тәрбие жүйесі туралы білім деңгейлері 4-кестеде көрсетілгендей нәтижеге жетті.

4 кесте - Қалыптастыру экспериментінің I-кезеңіндегі нәтижесі (% есебімен)

1.	1а сыныбы	25	33,9	35,7	30,4	32	35,6	32,4
2.	1г сыныбы	22	30,7	36,8	32,5	29,7	34,9	35,4

Қалыптастыру экспериментінің бірінші кезеңіндегі нәтижесі бойынша, эксперименттің екінші және үшінші кезеңдерінде ойын арқылы адамгершілік тәрбие жұмысын ұйымдастыру шаралары мен әдістерін түрлендіре пайдаландық. Адамгершілік тәрбиесінің міндеттерін жүзеге асыру мақсатында өткізілген ойын түрлерін мысалға келтірейік. «Сап түзеген батырлар» ойынының мазмұны.

Қатарда (сапта) жүру түрлерін жетілдірумен қатар, балалар қосымша тапсымаларды да орынауға дағдыланады. Қасында жолдастары болғандықтан, бір-біріне сенім сезімі пайда болады. Олар қимыл-қозғалысын икемдеп, епті болуға үйренеді.

Мазмұны. Ойын алаңының екі жағынан аралары 10-15 м қосарланған екі сызық жүргізіледі.

Ойыншылар санау арқылы екі командаға бөлінеді де, сызықтардың үстіне барып, бір-біріне қарама-қарсы қарап, сап түзеп тұрады. Командалар өзара келісіп, ат қойып алады. Мысалға, біріншісі «Алпамыс», екіншісі «Ертөстік» командасы болсын.

Басқарушы: «Алпамыс батырлары!» - дегенде сап түзеп тұрған «Алпамыс» командасы саптарын бұзбай, қарсыластарына қарай аяқтарын нық басып, адымдай жөнеледі. Олар қарсыластарына 3-5 м қалғанда басқарушы ысқырып белгі береді. Сол кезде сап түзеп келе жатқан балалар кілт тоқтай қалып, жалт бұрылып, өздерінің «үйлеріне» қарай тұра жүгіреді. Сол белгіні күтіп тұрған қарсыластары оларды қуа жөнеледі. Үйіне жетпей ұсталып қалған ойыншылар сол орындарында тұрып қалады.

Ойын біткеннен кейін қолға түскен ойыншылардың әрқайсысы үшін бір ұпай беріледі.

Ұпай саналғаннан кейін командалар рөлдерін ауыстырып, ойынды жалғастырады.

Ойынның ережесі. Белгіге дейін ойыншылардың тоқтап қалуына немесе сапты бұзуына болмайды. Белгі берілгенге дейін қуғыншыларға сызықтан аттауға болмайды. Қарсылас команданың ойыншыларын тек сызыққа дейін ғана қууға болады. Ойын алаңынан шығып кеткен ойыншы ережені бұзған болып саналады.

Ойынды балаларға жаңадан үйреткен кезде, оларға қолдарынан ұстап, сап түзеп тұруға рұқсат етіледі. Сап түзу болуы үшін ойыншылар бір-біріне иықтарын тигізе, жақын жүруін қадағалап отыру керек.

Балаларды ойынға қызықтыру үшін сапта тұрғанда өлең айтқызуға болады.

Келесі ойын қазақтың ұлттық ойыны «Ақсүйек». Ойынның мазмұны:

Ақсүйек – қазақ жастарының арасында кеңінен таралған ойындардың бір түрі. Ойын түнде өкізіледі.

Ойынның ережесі: «Ақсүйекті» ойнауға жиналған жастар сан жағынан тең екі командаға бөлінеді (қыздардың саны командаларда бірдей болғаны жөн).

Ойын басталардан бұрын жанама ат қойылады. Мәселен: «Жұлдыз», «Жер», «Аспан», «Шолпан» және т.б. осы сияқтылар.

Ойынды төреші жүргізеді. Төреші екі команданың ойыншыларын ойын алаңындағы көлденең мәре сызығына тұрғызып, қолдағы ақсүйегін ойын алаңына лақтырады. Төреші белгі берген соң, ойыншылар сүйекті іздеуге шығады.

Ақсүйекті тапқан ойыншы оны қарсыластарына білдірместен, топ жара ала жөнеліп, төрешінің қолына тапсыруға міндетті. Ойын шаты бойынша ақсүйекті тауып алған ойыншы өз командасының жанама атын дауыстап айтуға міндетті. Ойыншының дауысымен естіген өз командасының ойыншылары оның мәреге жетуіне көмектесуге күш салса, қарсы команданың ойыншылары қолынан ақсүйекті тартып алып, төрешіге жеткізуге әрекет жасайды. Ақсүйекке талас кезінде ойыншыларға бір-бірін тек қолдан ұстауға рұқсат етіледі. Денеден, киімнен ұстап, аяқтан шалып, қолмен ұруға болмайды. Сүйектен жолда айрылғандар қарсы жаққа өтіп отырады да, қай команда белгілі уақыт ішінде көп адамнан айрылса, сол команда жеңілген болып есептеледі. Жеңілген жақ жетекшісі не топтың бір мүшесі қарсы жақтың айыбын өтеп, көпті күлдіретін бір өнер көрсетеді, ойын аяқталады.

Ақсүйек ойынының осыған ұқсас өзге де түрлері бар. Олардың қай-қайсысы да жастарды жылдамдыққа, байқағыштыққа, шапшаңдыққа, ізденімпаздыққа үйретеді.

Енді мысалға «Соқыр теке» (1 түрі) ойынын ұсынайық. Ойынға қатысушылар жиылып, алқа-қотан тұрғаннан кейін, бір қыздың не бір баланың көзін байлап, қолына бір метрдей жас шыбық беріп, ортаға шығарады. Ол:

Қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсе сөзім жоқ.

Қайда кеттің қалқа жан,
Жетектейтін өзін жоқ.
Қолға түскен құтылмас,

Қала бермек көзім боп, - деп келіп, «Соқыр текеге» тиіп қашып жүреді. Осылай ойнап жүргенде «соқыр текенің» қолына түскен ойнаушы ұтылады да, екеуі орын ауыстырады.

«Соқыр теке» мен оны түрткілеп қашып жүрушілердің өрісін мөлшерлеп сызып қояды.

Соқыр теке (2 түрі)

Ойынға қатынасушылар кең алаңға немесе клуб үйіне жиналып, қатар-қатар тұрады. Ойын басқарушы қатар тұрғандардың әрқайсысын нұсқап-нұсқап:

Бұзау, бота, құлыншақ,
Тоқты, серке, тай, торпақ,
Тана, тайлақ,
Құнан, дөнен, бесті бар,
Малдың жасын айыра біл, естіп ал.
Бұқа, бура, айғыр, қошқар, теке бар.
Сүзегенсің, тентек теке, жеке қал.
Көзін байла, теке-теке «бақ-бақ»

Соқыр теке қайдан бізді таппақ, - деп мал атымен атап шығады. Ең соңғы аталған ойышы «тентек теке» болады.

Ойын далада ойналса, шеңбер сызылып, ойынға қатынасушылар осы шеңберден шықпауы керек. Ойынды жүргізуші «тентек текені» ортаға шығарып, көзін таңа бастағанда, «тентек теке» былай дейді:

«Әй, қараңғыда көзім жоқ,
Тиіп кетсем сөзім жоқ.
Маған жақын келіңдер,
Бір қыз ұстап беріңдер!»
Мұнан кейін «Соқыр текені» айнала қоршағандар:
«Соқыр, соқыр, соқырақ,
Оң көзіңе топырақ.
Топырағын алайын,
Тотияйы салайын.
Ал ұстап көр, батырым!

Міне, келе жатырмын!», - деген өлеңді бәрі қосылып айтады. Өлең айтылып болысымен, «Соқыр теке» шеңбер ішіндегілерді ұстауға ұмтылады. Бірақ бұл ойнаушылардың шеңберден шығып кетпеуі қатты қадағаланады (36).

Бастауыш сынып оқушыларының жан-жақты жеке тұлға ретінде дамуына жауапты адамдардың біреуі-тәрбиеші. Осыған орай, бастауыш сынып оқушыларына ойын арқылы адамгершілік тәрбие беру жұмысын жүйелі, сапалы жүргізу үшін тәрбиешілердің теориялық және практикалық білімдеріне де жоғары мән беріліп, оларға әдістемелік практикалық көмек көрсету мақсатында 30 сағатқа бөлініп жоспарланған жұмыс жүргізілді. Бұл

көрсеткіштерден бастауыш сынып оқушыларына адамгершілік тәрбие беруде қолдануға болады деген қорытынды шығаруға болады. Зерттеу жұмысымыздың үшінші кезеңінде алыннан мағлұматтар мен нәтижелер біздің белгіленген болжамымызды дәлелдеп негіздеуге мүмкіндік береді. Құнды адамгершілік қасиеттерге ие рухани адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталады. Бұл жөнінде адамгершілік идеяларды уағыздап, артына мол мұра қалдырған Ш.Құдайбердиев: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады. Олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді».

Адамгершілік тәрбиесінің негізгі міндеттері:

- ізгілік сана қалыптастыру;
- инабаттылық сезімдер тәрбиелеу және дамыту;
- адамгершілік әдет-қылықтың ептіліктері мен дағдыларын қалыптастыру.

Адамгершілік тәрбиесінің құрамы: адам және қоғам байланысын қалыптастыру, өз қылығының қоғаммен сәйкес болуы қажеттігін сезіндіру; адамгершілік білімді адамгершілік нанымға ауыстыру; тұрақты адамгершілік сезімдер мен сапалар орнықтыру; адамдардың басқалармен қатынасындағы жоғары мәдениет пен адамгершілік әдеттерді бекіту.

Адамгершілік білімдер баланың өмір тәжірибесіне өтіп, ой толғанысына еніп, тәрбиленушілердің өзіндік талқы сарабына түскен болса ғана адамгершілік нанымдар дәрежесіне көтеріледі.

Адамгершілік тәрбие ісінің ең басты мақсаты - адамгершілік мінез-құлықтарды қалыптастыру. Тәрбие ісі күнделікті өмір жағдайындағы адамгершілік іс-әрекет бірлігінен құралады. Өз қылықтарымен Адам айналамен байланысып, ондағы жағдайлармен қарым-қатынас бейнелейді. Адамгершілік әдет-қылық тудыру үшін соған сәйкес жағдай жасау керек. Жоғары адамгершілік іс-әрекет қажеттігін қалыптастыру – адамгершілік тәрбие ісінің маңызды бөлігі. Тұлғаның адамгершілік қажеттігін қалыптастыру – оның түйсік жүйесіне моральдық нормалар мен принциптерді қабылдату процесі. Адамгершілікті қажеттіктің көмегімен ізгілік мораль негізі - еркін таңдау мүмкіндігі туады. Адамның еркін таңдау мүмкіндігін дамытудан адамгершілік тәрбие ісінің функциясы орындалады. Әдет-қылықтар жүйесі адамгершілік әдеттерді қалыптастырады. Әдеттерден адамгершілік қылықтарды қалау тұрақты қажеттілікке айналады. Әдеттер қарапайым (қарым-қатынас ережесі, жүріп-тұру мәдениеті, тәртіп) және күрделі болады (еңбекке дайындық және оны қажетсіну).

Адамгершілік тәрбиенің міндеттерін орындау мақсатында мектепке дейінгі мекемелер тәжірибесінде тексерілген келесі ережелерді негізге алған жөн:

1. Адамгершілік тәрбие процесі адам үшін «күреске» айналмауы тиіс. Тәрбие «күрес» емес, күнделікті күрделі жұмыстан тұратын ұзақ маңдай тер ісі.
2. Тұлғаның ізгілікті қасиеттері өмір қажетінсіз қалыптаспайды.
3. Тұлғаны жақсылық жасауға ынталандыратын жағдайлар туындату қажет.

4. Бірнеше әдетті қатар бір мезетте дамытуға болмайды, баланың жаңа нормалар мен ережелерді қабылдауға дайындығын ескерген жөн: жаман қылықтары болса, одан арылуы тиіс, олардың жақсы не келеңсіз екенін түсіндіру қажет.

5. Жоғары адамгершілік қасиет қарапайым, жәй нәрселерге негізделеді. Гуманизм, сыйластық, қылық мәдениеті дағдыларын дамытпай, адамды мейірімділікке тәрбиелеуге болмайды: сыпайылық, есіркеушілік, сөйлеу мәнері, мейір белгілері.

6. Ұжымдық, азаматтық тәртіпті түсіну сияқты адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу үшін арнайы әдеттерді ұғыну керек: басқаларға қамқорлық, адамды түсіну, өзінің эгоистік сезімін тежеу, ұжым талабын орындау, қауым алдындағы міндеттер, өз ісі мен сөзіне жауап беру т.б.

7. Мораль арқылы жаман әдеттерді айыра білу: өте қатты сөйлеу, басқалар сөзін бөлу және тыңдамау, тырнақ тістелеу, қол сілтеу т.б. Арнайы мысалдар арқылы балаларға бір қарағанда еленбес әдеттердің салдарынан болашақ өз өміріне келетін зиянды түсіндіре әрі нақты көрсете білуі керек.

Сонымен, анықтау эксперименті кезеңіндегі балалардың білім деңгейінің алғашқы қорытындысы мен қалыптастыру экспериментінің үш кезеңіндегі қорытындысы бойынша бастауыш сынып оқушыларының ойын туралы білімдері 27,6%-тен 39,3%-ке адамгершілік тәрбиесі туралы білімдері 28%-тен 39,1%-ке өсті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тәрбие формасы - бұл тәрбие процесінің сыртқы көрінісі. Мазмұн және форманың философиялық категориялары тәрбие құбылыстарындағы ішкі және сыртқы ұғымдардың бірлігін танытады, яғни біріншісі, не бар екенін көрсетсе, ал екіншісі, қандай түрде екендігін білдіреді. Мазмұн мен форма бір-бірімен тығыз байланысты, яғни мазмұн өзгерісі форма өзгерісіне әкеліп соғады және керісінше. Мазмұн қалыптасады немесе формаланады, форма мазмұнмен толығады. Жетекші рөл мазмұнға қарасты. Тәрбие процесінің мазмұны жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаның рухани, адамгершілік, эстетикалық, еңбектік, әлеуметтік қасиеттерден құралады. Тәжірибе жүзінде бұл мазмұн өзіне барынша сәйкес келген ұжымға өтеді. Егер бұл сәйкестік бұзылса, онда тәрбие қиын және шешілмес дағдарыстарға тап болады. Педагогика тарихы тәрбие процесін ұйымдастырудың әртүрлі формаларын басынан кешірді. Олардың әрқайсысы өзгермелі жағдайлардағы белгілі-бір мазмұнды ашу үшін жасалынады.

Жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру процесінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырылады. Адамгершілік тәрбиесін жүйелі түрде ойын арқылы бастауыш сыныптан бастап балалар бойында қалыптастыруға болады. Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал, балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығушылық пен силастық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырылады.

Бастауыш мектептерде «адамгершілік тәрбиесіне» арналған арнайы пән болмағанымен, ол жоғарыда аталған іс-әрекеттер барысында жүзеге асады. Бастауыш сынып оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеуде олардың жас және жеке дара ерешеліктері ескеріп, балалардан мінез-құлық ережелері мен тәртіптілік ережелерін сақтау талап етіледі.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Аль-Фараби. Әлеуметтік трактаттар. — Алматы: Ғылым, 1973, 320 б.
2. Бержанов Қ.Б., Мусин С.М. Педагогика тарихы. Оқу құралы, Алматы, 1984, 134б.
3. Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы, 1989, 320 б.
4. Жұмабаев М. Шығармалары, Алматы, 1989, 448 б.
5. Торайғыров С. Екі томдық шығармалар жинағы, 1 т, Алматы, 1993, 227 б.
6. Қазақстан Республикасы тіл саясатының тұжырымдамасы, Алматы, 1998, 48 б.
7. Қазақ мектептері мен мектепке дейінгі балалар мекемелерінде имандылық-эстетикалық тәрбие берудің кешенді бағдарламасы, Алматы, 1990, 52 б.
8. Қазақстан Республикасының Конституциясы, Алматы, 1995, 48 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы, Алматы, 1991, 288 б.
10. Қазақ балабақшаларында оқыту, тәрбиелеу мазмұнын жаңарту тұжырымдамасы //Қазақстан мұғалімі, 18 қаңтар, 1991 ж.
11. Әмірова Ә.С. Ересектер тобындағы балаларды қазақ балалар әдебиеті арқылы адамгершілікке тәрбиелеу, пед. ғыл. канд. дисс. Алматы, 1995, 147 б.
12. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Алматы: Ана тілі, 1995. – 137 б.
13. Елемесова А. Абай мұрасындағы рухани-имандылық тәрбие идеялары: Пед.ғыл.канд.дис.автореф. - Қарағанды, 2000, 27 б.
14. Крысько В.Г. Состояние и перспективы развития этнопсихологии в России //Мир психологии, 1996, №2, 124 с.
15. Люблинская А. Детская психология, Москва, 1971, 416 с.
16. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды в 2-х томах. /Под ред. Бодалева А.А. Москва, 1980, 517 с.
17. Садырбаев С. Қазақ халқының ауыз әдебиеті, Алматы, 1977, 224 б.
18. Алдабергенов Ә. Ойнай біл, ойлай біл, Алматы, 1991, 80 б.
19. Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики. Психологические основы дошкольной игры, Москва, 1972, 192 с.
20. Б.Х.Құсайынованың «Ұрпақ тәрбиесіндегі қазақ халқының тыйым сөздерінің мәні»
21. Алты жастағы балаларды оқыту мәселелері, Алматы, 1986, 192 б.
22. Дайрабаева А. Қазақтың халық педагогикасындағы қыздардың адамгершілік тәрбиесі, Дисс. жұмыс. Алматы, 1993, 132 б.
23. Ақыпбеков Ө. Жылдың төрт мезгілі: өлеңдер, ойындар, жұмбақтар, Алматы, 1991, 88 б.
25. Кон И.С. Ребенок и общество, Москва, 1988. 192 с.
26. Жұмабаев М. Педагогика, Алматы, 1992, 160 б.
27. Тәрбие проблемасы. Жоба, Москва, 1932, 65 б.
28. Алты жасар балаларды оқытып тәрбиелеуде дидактикалық ойындардың ролі: методикалық нұсқау, Алматы, 1988, 51 б.

29. Әлімбаев М. Өскеніңді ел көрсін. Өлеңдер, жұмбақтар, жаңылтпаштар, ойындар, Алматы, 1989, 80 б.
30. Асыл сөз. Өлеңдер, ертектер, аңыздар. /Құраст. Б.Ысқақов, Алматы, 1987, 432 б.
31. Ахметов С. Қуыр-қуыр, қуырмаш: Балалар ойындары, Алматы, 1993, 128 б.
32. Иманбаева С. Ерлік тағылымы, Алматы, 131 бет.
33. Бержанов Қ., Сейіталиев К. Ауыз әдебиетіндегі адамгершілік тәрбие мәселесі, // Қазақстан мектебі, №12, 1970.
34. Сәдірменова Ж.Б. Жеткіншекгерді халықгық педагогика арқылы адамгершілікке тәрбиелеу, пед.ғыл.канд. дис.-Алматы, 1997, 128 б.
35. Әтемова Қ.Т. Оқушыларда гумандық қасиеттерді қалыптастыруда мектеп пен отбасының бірлескен жұмысы, Пед.ғыл.канд. дис. Алматы, 1999, 128 б.
36. Дайрабаева А.Е. Қазақстанда дидактикалық ойлардың дамуы (XIX г. екінші жартысынан Қазақ төнкерісіне дейін): пед.ғылым.канд. дис. Алматы, 1994, 171 б.
37. Дорженов С.Б. Инабаттылық иірімдері, Алматы, Қайнар, 1994, 162 б.
38. Адамгершілікке тәрбиелеу әліппесі (Мұғалімдерге арналған оқу құралы) Алматы, мектеп, 1988, 26 б.
39. Бейсенбаева А.А., Қалиев С. Қ. т.б. Мектептегі тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, оқу құралы. Ы. Алтынсарин атындағы Қазақтың білім академиясы, Алматы, 1990, 138 б.
40. Төлеубекова Р.К. Қоғам дамуының жаңа кезеңіндегі адамгершілік тәрбиесінің теориялық әдіснамалық негізі, Алматы, 2001, 295 б.
41. Урунбасарова Э.А. Становление и развитие теории нравственного воспитания школьников Казахстана (60-е г.г. XIX в. - 90-е г.г. в XX), Алматы, 1999, 270 с.
42. Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтар әлемі: әлеуметтік философиялық талдау, Алматы, 2000, 181 б.

Формат 60x84 1\12
Объем 55 стр., 4,6 печатных листа
Тираж 20 экз.
Отпечатано
В Редакционно- издательском отделе
КГУТиИ им.Ш.Есенова
г.Актау, 32мкр.